Желтоқсан көтерілісінің ашылмаған құпиясы көп
4-БЕТ

Ержан НАУРЫЗБАЙ, «Adal Zaman» саяси партиясының бастамашысы:
«Жемқорлықпен күрестің жалғыз жолы - өлім жазасын енгізу»
6-БЕТ

Мидағы «кох таяқшасы»
8-БЕТ

«ЗАН» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯСЫ
БІЗГЕ 30 жыл
1994-2024

ЗАН газеті

zangazet@mail.ru
№97 (3726)
20 желтоқсан 2024
ZANMEDIA.KZ
Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БАЛАЛАР НЕГЕ СПОРТҚА ҚЫЗЫҚПАЙДЫ?

Экономика дамып, технология жетілген сайын дене белсенділігі азайып бара жатыр. Деректер 2022 жылы бүкіл әлем бойынша ересектердің үштен бір бөлігі, яғни 31 пайызының ғана дене белсенділігінің тиісті деңгейде екенін көрсетеді. Бірқатар елде бұл көрсеткіш 70 пайызға жетуі мүмкін. Мұның салдары жүрек-қан тамыры ауруларының, кант диабетінің жене қатерлі ісік ауруының дамуына әкеледі. Бұл жөнінде Оқу-ағарту министрлігінің Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы мен Назарбаев университетінің Медицина мектебі бірлесе өткізген халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда мәлім болды.

(Соңы 3-бетте)

• СҰХБАТ

Азамат ЕСҚАРАЕВ, *Қазақстан Республикасының Әділет министрі:*

«ҚҰҚЫҚТЫҚ АҚПАРАТТАР БАРЛЫҚ АЗАМАТ ҮШІН ҚОЛЖЕТІМДІ»

Бүгінгі таңдағы аса өзекті мәселенің бірі азаматтардың құқықтық сауаттылығы мен мәдениетін арттыру болып табылады. Осы бағытта Әділет министрлігі тарапынан қандай жұмыстар жүзеге асырылуда? Құқықтық салада енгізіліп жатқан жаңа жобалар қарапайым халық үшін қаншалықты қолжетімді? Министр А.ЕСҚАРАЕВПЕН болған сұхбатта осы және басқа да сауалдарға жауап іздеп көрген едік.

– Азамат Несіпбайұлы, арнайы уақыт бөліп, сұхбат беруге келісім бергеніңіз үшін алғыс білдіремін. Бүгін біз азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру шаралары туралы әңгіме өрбітсек. Әрине, мұның елдегі құқық үстемдігін нығайтуға тікелей әсер ететіні белгілі. Әділет министрлігі осы бағытта қандай жұмыс жүргізіп жатыр?

– Расында да, азаматтардың құқықтық процестерге белсенді қатысуынсыз құқықтық мемлекет құру мүмкін емес. Әркімнің өз құқықтары мен міндеттерін түсінуі, құқықтық салада өз мүдделерін қалай қорғау керектігін білуі маңызды. Бұл мәселені Мемлекет басшысы да бірнеше рет көтеріп, құқықтық сауаттылықты арттыру және заң мен тәртіпті мүлтіксіз сақтау қажеттілігіне баса назар аударған болатын.

Әділет министрлігі жалпы құқықтық түсіндіру жұмыстарын үйлестіреді. Алға қойылған мақсаттарға жету жолындағы жұмысты бірнеше бағытта жандандырып, жүзеге асыруда. Біріншіден, қолданыстағы заңнамаға да, актілердің жобаларына да жалпыға бірдей қолжетімділік қамтамасыз етіледі. Бұл үшін «Әділет» ақпараттық жүйесі және Заңнаманың эталондық бақылау банкі жұмыс істейді. Адамдар қолданыстағы кез келген заңды онлайн, ақысыз қарап, зерттей алады. Ал нормативтік құқықтық актілердің жобаларын «Ашық НҚА» платформасында қадағалап, оларды талқылауға қатысуға болады.

(Соңы 5-бетте)

• БАЗЫНА

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ БІЛУІ МІНДЕТ

Қазақстанның өз тәуелсіздігін жариялағанына 33 жыл болса да, билік органдары әлі күнге толықтай мемлекеттік тілде сөйлей алмай жүр. Ата Заңның 7-бабының 1-бөлігінде «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп көрсетілгенімен, «мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген заңның екінші бөлігі әлі күнге кедергі болып келе жатыр.

Осы олқылықты түзетуге табандылық таныта алмай келеміз. Соның нәтижесінде Қазақстандағы тілдердің қолданылуының құқықтық негізін, мемлекеттің оларды оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі міндетін белгілейтін «Тіл туралы» заң солқылдақ. Мемлекеттік, мемлекеттік емес ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметінде тілдерді қолдануға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастар осы заң реттейтін мәселе болғанымен, оның күші әлсіз. Осы заңның 4-бабында «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі». Мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы. Алайда мемлекеттік тілді меңгеру ешкімге міндеттелмегендіктен, мойнындағы парызының қарызын өтемей жүргендер қарапайым халық арасында ғана емес, мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізетін билік органында жеткілікті.

Мемлекеттік тілді меңгермегендерді биліктен аластату керек пе?

Бұл әрине, бір қарағанда мемлекеттік тілді білмейтіндер үшін қатал үкім болып көрінуі мүмкін. Бірақ мемлекеттік тілдің Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы екенін ескерсек, бұл өзін-өзі ақтайтын шешім. Өйткені мемлекеттік тілді меңгеруге селқостық танытқан мемлекеттік қызметкерлерді ақтап алу мүмкін емес. Тіпті бір кездері түрлі себеппен құжаттарда қате жазылып кеткен аты-жөнін дұрыстап, сауатты жазуға немқұрайдылық танытатындар бұқаралық ақпарат құралдарына берген сұхбаттарында ғана емес, өзі қолымен жазып, жіберген материалдарында бұрмаланып жазылған аты-жөнін көрсетуден еш қысылмайды. Кейбіреу тіпті мемлекеттік тіл туралы көсіле сөйлеп, төгілте жазғанда «мына кісі тілге байланысты ұстанымын өз аты-жөнін қазақшалаудан бастаса ғой» дейсің еріксіз бас шайқап. Олар өз қызметін жүзеге асыруда мемлекеттік тілге емес, мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылатын орыс тіліне басымдық береді.

Сондықтан қызмет көрсету мекемелеріндегі байланыс орталықтарына хабарласқан кезде қайтарылатын жауап міндетті түрде екі тілде әзірленеді. Мемлекеттік тілде сөйлейтін адам оның бәрін тыңдау үшін қосымша уақыт жоғалтады. Тіпті халыққа қызмет көрсету орталықтарынан бастап, түрлі бағыттағы ұйым, мекемелерде өтініш толтыру кезінде қызметкерлердің бірден мемлекеттік тілдегі емес, орысша жазылған үлгілерді ұсынуы қалыпты дүние секілді боп кеткен.

(Соңы 3-бетте)

• ТҰЛҒА

ОТАНДЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖҮЙЕСІНІҢ ҮЗДІГІ

Өзінің саналы ғұмырының тең жартысын сот саласына арнаған заң ғылымының докторы, профессор, сот жүйесіндегі қылмыстық құқықтың негізін салушы, сот саласының еңбек сіңірген ардагері Тамас Қалмұхамбетұлы биыл 85 жасқа толып отыр.

Еліміз басынан қиын-қыстау кезеңдерді өткерген жылдары Тамас аға алғаш Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының мүшесі, кейін Жоғарғы Сот төрағасы қызметіне тағайындалды. Сол тарихи кезеңде мемлекет мүддесіне, қазақстандық сот жүйесі іргетасының қалануына, заң саласының қалыптасып, дамуына ағамыз өлшеусіз үлес қосты. Сот саласында 10 жылдың ішінде Тамас Қалмұхамбетұлының жетекшілігімен маңызды шешімдер қабылданып, жаңа реформалар жүргізілді. Еліміздегі заң ғылымын дамыту жолында жарық көрген жүзден астам ғылыми еңбегі бар. Атап айтқанда, ағамыздың Қылмыстық құқық теориясы саласында, Қылмыстық және Қылмыстық-процестік кодекстің негізін құруға қосқан үлесі зор.

Тамас аға төраға қызметін атқарған кезде, Жоғарғы Сотта қылмыстық және азаматтық істерді кассациялық және қадағалау тәртібінде қараумен қатар, істердің жеке санаттары бойынша сот практикасының қорытулары жүргізілетін. Осының нәтижесінде Жоғарғы Сот Пленумының қаулыларды қабылдау тәжірибесі енгізілді.

Сот саласынан бөлек, ағамыз 1993 жылдары Пәкістандағы Қазақстан Республикасының Төтенше және Өкілетті елшісі, Қазақстан Республикасының Уақытша сенімді өкілі сияқты жоғары дипломатиялық қызметтерді атқарғаны белгілі. Қызмет бабымен аз уақыттың ішінде ағылшын тілін еркін меңгерген. Шешендік өнерге жаны жақын адам.

Ағамызды қай салада болмасын, еңбекқор, кәсіби біліктілігі жоғары тұлға ретінде танимыз. Сот академиясын құру жолында сіңірген еңбегі айтарлықтай. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға», деп Абай атамыз айтқандай, Тамас аға шәкірттерінің жүрегіне жол таба білетін жан. Әсіресе, бізге дәріс оқыған кезде уақыттың тығыз болуына қынжылып, «Тәулікте 24 сағат емес, 25 сағат болуы қажет» деп айтатын. Академия ректоры болған кезде магистранттарына бағыт-бағдар беріп, өзінің өмірлік мол тәжірибесімен бөлісетін.

Кішіпейіл әрі қарапайым Тамас Қалмұхамбетұлы менің қызмет жолымда тікелей ұстазым, тәлімгерім болды десем артық болмас. Мен 2004 жылы Сот академиясының алғашқы түлегі болдым. Ол кезде Тамас аға Сот академиясының ректоры қызметін атқарып жүрген еді. Әр магистранттың тағдырына, көңіл-күйіне жете көңіл бөлетін. Үнемі көңілдерін аулап, жағдайларын сұрап қоятын.

Судьялық еңбек жолымдаТамас ағадан өмірге азық болатын баға жетпес мол тәжірибе алғаным үшін қуаныштымын.

Қадірлі Тамас Қалмұхамбетұлы! Мерейлі жасыңыз құтты болсын! Деніңізге саулық, отбасыңызға береке-бірлік тілеймін.

Арман ЖҮКЕНОВ,
Ақмола облыстық сотының төрағасы

• ЛЕБІЗ

БАР ҚҰРМЕТКЕ ЛАЙЫҚ

Құрметті
Тамас Қалмұхамбетұлы!

Сізді Қазақстан Республикасы Судьялар одағының атынан 85 жас мерейтойыңызбен құттықтаймын!

Сіз өмірден тоқыған мол, кемел ойлы тұлғасыз! Республиканың құқықтық жүйесінің қалыптасуының бастауында тұрып, еліміздің сот жүйесінің дамуы мен қалыптасуына зор үлес қостыңыз. Сіздің мектебіңізден шыққан жастар бүгінгі таңда аудандық және облыстық соттардың төрағалары, Жоғарғы Сот судьясы қызметін жоғары деңгейде атқарып жүр.

Ұзақ жыл бойы сот саласында өзіңіздің біліміңіз бен кәсіби тәжірибеңізді, еңбекқорлығыңызды тұрақты түрде көрсете білдіңіз. Еліміздің сот жүйесіне жүктелген өзгерістерді талапқа сай атқарып, әділ биліктің заман талабына сай өркендеуін жүзеге асыруға атсалыстыңыз. Өмір жолында еңбексүйгіштік, қоғамдық белсенділікпен ерекшеленіп, нағыз азаматтық қасиеттерге ие ірі тұлға ретінде қазақ халқының құрметіне бөленіп, қызметтің ең қызықты да қиын салаларын атқардыңыз.

Өмір жолының асқар биігі – сексен бестің шыңына шығып отырған сәтте өзіңізге зор денсаулық, қажымас қайрат, әулетіңізге қуаныш пен береке, баянды бақыт тілеймін!

Досжан ӘМІР,
Қазақстан Республикасы
Судьялар одағының төрағасы,
Жоғарғы Сот судьясы

• САРАП

Мемлекет басшысы 2023 жылғы халыққа жолдауында «...экономикалық сипаттағы кейбір заң бұзу әрекеттерін қылмыс санатынан алып тастау жұмысын жалғастыру қажет. Бұл жерде сөз кәсіпкерлер және олардың экономикалық теріс әрекетке қатысты істері туралы болып отыр. Салық саласында заң бұзғандарды қылмыстық жауапкершілікке тартуға негіз болатын шекті анықтайтын әділ механизм енгізу қажет», – деген болатын.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЛМЫС ТҮРЛЕРІНЕ ЖАЗА ЖЕҢІЛДЕДІ

Қ.АБДУЛЛАЕВ,
Қызылорда қаласы
№2 сотының судьясы

Осы орайда қылмыстық заңнаманы ізгілендіру қолға алынып, 2024 жылы 5 шілдеде «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлерін қылмыстық сипаттан арылту және Қазақстан Республикасының заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданды.

Жаңа өзгерістерге сай, бизнестің мүдделерін қозғайтын Қылмыстық кодекстің төрт бабы, атап айтқанда 219-бап (Кредитті заңсыз алу немесе бюджеттік кредитті мақсатсыз пайдалану) пен 241-бап (бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнаманы бұзу) толығымен қылмыс санаттарының қатарынан алынып тасталса, 234-бап (Экономикалық контрабанда) және 236-бап (Кедендік баждарды, кедендік алымдарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеуден жалтару) ішінара қылмыссыздандырылды. Жоғарыда аталған өзгеріске сай, 234-баптың қылмыстың саралаушы белгісі болып табылатын тауарлардың құны – ірі мөлшерде 10 мың АЕК-тен 20 мың АЕК-ке, аса ірі мөлшерде 20 мың АЕК-тен 30 мың АЕК-ке дейін жоғарылады. Осыған сәйкес экономикалық контрабанда үшін алып өткізілетін тауардың құны 10 мың АЕК-тен асқанда қылмыстық құқық бұзушылық болып саналса, бұдан былай тауар құны 20 мың АЕК-ке дейін болса, онда ол әкімшілік құқық бұзушылық ретінде қаралады. Ал, ҚК-нің 236-бабы бойынша кедендік баждарды, кедендік алымдарды, салықтарды, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарының құны 5 мыңнан 10 мың АЕК-ке дейін көтерілді.

Сондай-ақ осы бағытта Қылмыстық-процестік кодекстің 179-бабы 3) тармақпен толықтырылды. Атап айтқанда, бұдан былай:

- салықтық тексеру актісі, тұжырымдарында қылмыстық құқық бұзушылық белгілерінің барын көрсететін жеткілікті деректер қамтылған мемлекеттік кіріс органдары маманының қорытындысы (анықтамасы) қоса берілмей;
- мемлекеттік кіріс органдарының салықтық тексеру нәтижелеріне сотқа дейінгі шағым жасау кезінде уәкілетті органның шешімі шығарылғанға дейін, ал сотқа шағым жасау жағдайларында сот актісі заңды күшіне енгенге дейін;
- іс-әрекетті қылмыстық топтың құрамында жасау белгілері болған, сондай-ақ есепке жазу іс жүзінде жұмыстар орындалмаған, қызметтер көрсетілмеген, тауарлар тиеп-жөнелтілмеген мәмілелер бойынша жүргізілген не тапсырылуы міндетті болатын декларация ұсынылмаған не салық салынатын басқа да объектілерді және басқа да міндетті төлемдерді жасыру арқылы декларацияға кірістері және шығыстары туралы көрінеу бұрмаланған деректер енгізілген жағдайларды қоспағанда, салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің және өсімпұлдың есепке жазылған сомалары толық өтелген кезде салықты және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуден жалтару фактілері жөнінде қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыз, хабар немесе баянат тіркелуге жатпайды.

Бұл, әрине, қоғамға аса қауіп төндіре қоймайтын экономикалық қылмыстарға жаңаша көзқараспен қарау болса, екінші жағынан экономиканың күретамырына айналған бизнес өкілдеріне тағы да бір мүмкіндік беру болып табылады.

• МІНБЕР

ҚЫЛМЫСТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ ҚАЗАҚ ТІЛІ

Тәуелсіздік барымызды бүтіндеуге, жоғымызды түгендеуге мүмкіндік берді. Әсіресе, мемлекеттік рәміздерді бекітумен бірге, қазақ тіліне мемлекеттік мәртебенің берілуі – дер кезінде шешімін тапқан маңызды қадам болды.



Гаухар ШАЛАБАЕВА,
Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

Әлемде қаншама ұлт пен ұлыс бар. Соның ішінде тәуелсіз мемлекет деген атқа ие болған екі жүзге жуық бақытты елдің бірі – Қазақстан. Ал қазақ тілі осы егемен елдің ерекшелігін көрсететін, ұлтты ұлықтайтын негізгі белгі. Бас құжатымыз Конституцияда мемлекеттік тіл – қазақ тілі екені тайға таңба басқандай нақтыланған. Қазақстандық соттың да басты бағдары мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейтіп, мәртебесін биіктетуге бағытталған.

Бүгінде соттағы барлық іс-қағаздары мен құжаттар мемлекеттік тілде жүргізіледі. «Сот кабинеті» бірыңғай сервисі арқылы азаматтар өзіне қажет құжаттар мен анықтамаларға мемлекеттік тілде сұраныс жасап, шығарып алу мүмкіндігіне ие. Қарапайым халыққа жеңіл болуы үшін арыз үлгілері тұтастай қазақ тілінде жазылып, сайттарда орналастырылған. Сонымен бірге, азаматтардан түсетін ең көп сауалдарға да мемлекеттік тілде жауап дайындалған. Өзін толғандырған сұрақтарға азаматтар оңай жауап алады. Сот жұмысына байланысты құқықтық кеңес беру де жолға қойылған. Төрағалар азаматтар үшін арнайы қабылдауды тұрақты өткізеді. Ал бұқаралық ақпарат құралдарымен байланысты үйлестіруші судьялар жаңа заңдар мен сотта қаралған істер бойынша көпшілікке толымды ақпарат беріп, насихат жұмыстарын жолға қойған.

Десек те, сот тарапынан мемлекеттік тілдің қолданысын кеңейтуге қатысты ауқымды жұмыстардың жүзеге асырылып келе жатқанына қарамастан, мемлекеттік тілде қаралатын істердің үлесі аз. Мұндай көрсеткіш қылмыстық істерде де байқалады. Қылмыстық-процестік кодекстің 30-бабында көрсетілгендей, қылмыстық сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал қажет болған кезде басқа тілдер де қолданылады. Қылмыстық іс жүргізілетін тілді білмейтін азаматтарға өздері жетік білетін тілде мәлімдеме жасауға, түсініктемелер және айғақтар беруге мүмкіндік берілген. Тіпті, ол үшін азаматтардың аудармашының қызметін тегін пайдаланатынын да айта кеткеніміз жөн. Сондай-ақ, қылмыстық сот ісін жүргізуге қатысатын адамдарға материалдарды аудару да мемлекет есебінен тегін қамтамасыз етіледі. Яғни, қылмыстық істе мемлекеттік тілде жауап беремін, түсінік беремін деген азаматтарға барлық жағдай жасалған. Алайда, соған қарамастан әлі де болса мемлекеттік тілде қаралатын істер көбеймей тұр.

Сот істерінің басым бөлігінің орыс тілінде жүргізілуіне сотқа жүгінушілердің мүддесін қорғайтын адвокаттар, заңдық көмек көрсетуші өкілдер түрткі болып жатады. Өйткені олар қазақ тілін жетік білмегендіктен, қорғауындағы азамат білетін тілде емес, өзі білетін орыс тілінде арыз, шағым түсіріп жатады. Ал заңнамада айқындалғандай, сотқа арыз шағым қай тілде түссе, іс сол тілде қаралады. Осыған орай, тәуелсіз еліміздің мемлекеттік тілі өркендесін десек, бәріміз қазақ тілін біліп қана қоймай, оны іс жүзінде қолдануға күш салуымыз керек. Қазақ тілінің мерейін өсіретін өзіміз екенін ұмытпайық!

• КОНФЕРЕНЦИЯ

САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДА

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Заң факультетінде университеттің 90-жылдығына арналған «Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнаманы цифрландыру және оның құқықтық аспектілері» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті. Шараны Заң факультетінің азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасы ұйымдастырды.

Кафедра жетекшісі, профессор С.Сүлейменова білім беру саласындағы заңнаманы цифрландырудың өзекті мәселелерін жан-жақты талдап берді. Конференцияға Ғылым және жоғары білім министрлігі заң департаменті нормашығару басқармасының және мемлекеттік басқару Парламентаризм институты, Мемлекеттік заңнама орталығының басшылары қатысып, құттықтау сөз сөйледі. Елдің жетекші жоғары оқу орындарының, Қырғыз Республикасының және Ресей Федерациясының ғалымдары шараға белсенді қатысып, саналуан пікірін айтты.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректоры Ж.Айтжанова талқыланған тақырыптың өзектілігі туралы айтса, Заң факультеті деканының ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары Е.Әлімқұлов мұндай шара теоретиктер мен практиктер арасындағы кең пікір алмасуға мүмкіндік беретінін атап өтті. Конференцияға қатысушылар баяндамалары білім беру саласындағы заңнаманы цифрландыруды іске асыру мәселелеріне және оны тәжірибеде қолдануды жетілдіруге арналды.

Астана қаласындағы Жария заңнама және мемлекеттік басқару орталығының бастығы Ш.Саимова «Қазақстан Республикасының заң шығару үдерісіндегі жасанды интеллект құралдарын дамытудың өзекті мәселелері» атты баяндамасында кейбір өзекті құқықтық мәселелерді ескере отырып, заманауи заңнама үдерісін және еліміздің заң шығару қызметіндегі жасанды интеллектіні енгізудің оң халықаралық тәжірибесін жіті талдады. Сондай-ақ «Тұран» университетінің проректоры Д.Разакова жаһандану дәуірінде заңнаманы цифрландырудың студенттерді оқыту сапасын арттыруға ықпал ететінін айтса, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің проректоры Ертай Сұлтан заманауи педагогикалық білім берудің инновациялық әдістеріне жан-жақты тоқталды.

Шарада Әлихан Бөкейхан университетінің проректоры А.Қайшатаева университеттегі плагиатты анықтау жағдайындағы автоматтандырылған шешімдер және академиялық әділдік туралы ізденістерімен бөліссе, «Тұран» университетінің ҒЗИ директоры К.Абдиев ақпараттық технологияны кәсіпке бейімдеудің жетістіктерін тілге тиек етті.

Л.Гумилев атындағы ЕҰУ доценті Б.Алтынбасов, ҚазҰУ азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының PhD докторы Н.Мырзатаев, сондай-ақ кафедра оқытушылары Г.Мукалдиева және С.Алдашев талқылауға белсенді қатысты.

Конференция қорытындысы бойынша әзірленген білім беру саласындағы заңнаманы цифрландыру бойынша ұсынымдар мен ұсыныстар студенттер, оқытушылар мен тәжірибеден өтуші заңгерлер үшін өте пайдалы болары сөзсіз.

С.ТЫНЫБЕКОВ,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының профессоры
О.ЛОЖНИКОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кәсіподағы төрағасының орынбасары

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

БАЛАЛАР НЕГЕ СПОРТҚА ҚЫЗЫҚПАЙДЫ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Конференцияны Алматы қаласындағы ЮНЕСКО-ның Өңірлік кеңсесі, Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы Ұлттық Олимпиадалық комитеті, Қазақ спорт және туризм академиясы, Дене шынықтыру және бұқаралық спорт академиясы ұйымдастырды. Жиынның негізгі спикері Норвегия мен Кореядан, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымынан, Халықаралық мектеп спорты федерациясынан келген шетелдік ғалымдар, сондай-ақ отандық ғалымдар, ПОҚ және педагогтар, дене шынықтыру және спорт саласындағы мамандар болды. Алқалы басқосуда білім және тәжірибе алмасу алаңын құру, білім беру ұйымдарында дене шынықтыруды жетілдірудің өзекті мәселелері мен жолдары, білім алушылардың денсаулық мәдениетін қалыптастыру жайы талқыланады.

Жалпы барлық жетістіктің түп негізінде дене қозғалысы жатыр. Қозғалысы теңгерімді адамның санасы таза, рухы жоғары және экономикалық тұрғыдан белсенді. Себебі, бұл – дамудың, жасампаздықтың кепілі. Осыны білген өркениетті елдер мектептегі сабақты денешынықтырудан бастайды. Жиында айтылған әңгімеден түйгеніміз Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ересектерге апта сайын 150 минут орташа физикалық белсенділікті немесе 75 минут қарқынды физикалық белсенділікті, сонымен қатар соған сәйкес әрекет етуді ұсынады. Бұл жүйелілікті қажет етеді. Осы ұйымның мәліметіне сәйкес 2022 жылы Қазақстанда ересек тұрғындардың 28 пайызына физикалық белсенділік жетіспейді. Белгілі заңгер, қоғам қайраткері Зағипа Балиеваның айтуынша, Қазақстандағы спорттың тамыры қазақ халқының тарихынан бастау алады. Ұлттық күрес, садақ ату,ат жарысы сияқты дәстүрлі спорт түрлері ойын-сауық қана емес, жауынгерлерді тәрбиелеудің бір жолы болғанына назар аударған Балиева спорттық іс-шаралар жас жеткіншектердің жан-жақты дамуына, физикалық қана емес, моральдық күш-қуатын дамытуға ықпал ететінін жеткізді. Мәселен, оның айтуынша, күрес сияқты дәстүрлі спорт түрлері қарсыласты құрметтеуге, табандылыққа, қиындықты жеңе білуге үйретеді. Бұл қасиеттер спортта ғана емес, өмірде де маңызды. Тұрақты физикалық белсенділік жүрек ауруы, инсульт, қант диабеті, сүт безі және тоқішек қатерлі ісігі сияқты жұқпалы емес аурулардың алдын алуға және емдеуге көмектесетіні ғылыми түрде дәлелденген. Сонымен қатар, физикалық белсенділік гипертония, артық салмақ және семіздік қаупін азайтып, өмір сапасын жақсартады.

Оқу-ағарту министрлігі Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының бас директоры Арман Ташметов цифрлық технология дамыған бүгінгідей заманда дене шынықтыру оқу-тәрбие процесінің маңызды бөлігі болып қоймай, болашақта ұлт денсаулығын сақтаудың маңызды факторына айналуы қажеттігін атап көрсетті. Өйткені, дене тәрбиесі тек денсаулықты жақсарту, қозғалысқа байланысты мәселелерді шешумен қоса, балалар мен жасөспірімдердің қоғамда дұрыс қарым-қатынас жасауына, коммуникативтік, эмоционалдық және әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға, күйзеліс және қиындықтармен күресуге үйретеді. Бұл мәселелер, бүгінгі қоғамда өте маңызды. Алайда, қазіргі дене тәрбиесінің тұжырымдамасы мектептегі «Дене шынықтыру» пәнінің алдында тұрған ауқымды міндеттерді орындауда жеткіліксіз. 2023 жылы орталық жүргізген әлеуметтік сауалнама нәтижесі мектеп оқушыларының 39,6 пайызы, ата-аналардың 45,3 пайызы және дене шынықтыру мұғалімдерінің 26,1 пайызы мектептегі дене тәрбиесінің жағдайына толық қанағаттанбайтынын көрсетті. Бұл, ең алдымен, оқыту әдіснамасының жеткіліксіздігі, кәсіби дене шынықтыру педагогтерінің тапшылығы және спорт ғимараттары мен жабдықтарының жетіспеушілігімен байланысты.

> *Тағы бір мәселе – балаларды спортқа қатыстырумен байланысты. Өкінішке қарай, биік мінберлерден әлемдік жарыс жүлдегері болған балаларды гранттық қолдау мәселесі талай рет көтерілсе де, шешімін таппай келеді. Яғни, талантты балаларды қолдау жеткіліксіз. Осының өзі балалардың спортқа деген ынтасын кемітеді.*

Сауалнамаға қатысқан ата-аналардың 47,1 пайызы, оқушылардың 33,1 пайызы және педагогтардың 40,6 пайызы дене шынықтыру пәнін ең маңызды пәндердің бірі деп санайды. Бұл сапалы дене тәрбиесіне деген үлкен сұраныстың бар екенін көрсетеді. Бүгінгі күні педагогтарды даярлауда Z буыны сұраныстарын ескеретін пәндердің психологиялық мазмұнын жаңарту өажеттілігі туындап отыр. Сонымен қатар педагогтардың біліктілігін арттыру бойынша білім беру бағдарламаларын қайта қарау кажет. Осы мақсатқа жету үшін ең алдымен дене тәрбиесінің тұжырымдамалық негіздерін қайта қарап, пән мазмұнын жаңарту қажет.

Дене шынықтыру мұғалімдерінің мәртебесін көтеру және оның қызметін ынталандыру мақсатында педагогтарды аттестаттау кезінде олардың спорттық разрядтары, атақтары мен біліктілік санаттарын ескеру, білім беру ұйымдары басшыларының рейтингіне оқушылардың өңірлік, республикалық және халықаралық шараларға қатысуы бойынша сандық және сапалық көрсеткіштерді енгізу, жоғары оқу орындарына қабылдау кезінде спорттық разрядтары мен атақтары бар талапкерлер үшін жеңілдіктер жасау маңызды.

ҚР Мектеп спорты федерациясы бас директорының орынбасары Ақан Зейнулла да денешынықтыру жүйесін тежейтін факторларды ортаға салды. Оның айтуынша, саладағы негізгі мәселелердің бірі мектептердегі ескірген және жеткіліксіз спорттық инфрақұрылым. Инфрақұрылым проблемалары әсіресе, ауылдарда өткір байқалады. Көптеген мектепте негізгі спорт нысандары, соның ішінде ашық спорт алаңдары жоқ, ал кейбір жағдайларда спорт залдары басқа қажеттілік үшін пайдаланылады. Көптеген мектептегі жабдықтар моральдық тұрғыдан ескірген және көбінесе қазіргі қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келмейді. Бұл бірқатар қала мектептеріне де тән жағдай. Осының бәрі балаларды спортпен шұғылдануға шабыттандырудың орнына еңсесін түсіреді. Сонымен қатар, дене шынықтыру мұғалімдерінің біліктілігі одан әрі дамуды қажет етеді.

Тағы бір мәселе – балаларды спортқа қатыстырумен байланысты. Өкінішке қарай, биік мінберлерден әлемдік жарыс жүлдегері болған балаларды гранттық қолдау мәселесі талай рет көтерілсе де, шешімін таппай келеді. Яғни, талантты балаларды қолдау жеткіліксіз. Осының өзі балалардың спортқа деген ынтасын кемітеді.

Денсаулық сақтау министрлігінің дерегінше еліміздегі балалардың 60 пайызы спортпен жүйелі түрде айналыспайды. Бұл әлемдік көрсеткіштен екі есеге артық. Осындай қозғалыстың аздығы балалар арасында семіздіктің артуына, жүрек-қан тамыры ауруларының көбеюіне алып келуде. Тозған инфрақұрылым, білікті мамандар тапшылығы және балалардың спортпен айналысуға ынтасының аздығы ұлт денсаулығы дағдарысының тереңдей түсуіне ықпал етуде. Егер тез арада оң шешім қабылдап, тиімді шараны қолға алмасақ, ертеңгі күні әрекетсіздігіміздің зардабын тартарымыз анық.

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,
«Заң газеті»

• БАЗЫНА

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ БІЛУІ МІНДЕТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Кейбіреуінде тіпті қызметті мемлекеттік тілде алу үшін ғана емес, өтінішті толтыратын үлгіні алдыру үшін біршама уақыт күтуге тұра келеді. Яғни, мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілінің пайдасынан, зияны басым боп тұр.

Онда орыс тілін білмейтін, не оны еркін түсіне бермейтін қауымның құқығы мен бостандығы бұзылып жатқанын билік органының өкілдері білмейді десек қателескен болар едік. Ондағы қызметкерлер бәрін біліп, түсініп тұрса да, қолданыстағы заңды орындауға мәжбүр.

Кейбір белсенділер мен қоғам қайраткерлері арасында қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту үшін «Мемлекеттік тіл туралы» жеке заң қабылдау керек дегенді айтып, жазып, қоғам талқысына ұсынып жүргеніне біршама уақыт өтті. Бұл мәселе Парламент төрінде де сан мәрте айтылып, түрлі ұсыныстар жасалғанымен, әзірге одан нәтиже болмай тұр. Өйткені Конституцияның 7-бабы 2-бөліктегі «мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген сөз алынбаса «Мемлекеттік тіл туралы» заң да «Тіл туралы» заңның кебін құшады.

Жалпы, Қазақстан деп аталатын мемлекет бар кезде, оның халқының 70 пайыздан астамын қазақ ұлты құраған кезде «Мемлекеттік тіл туралы» жеке заң қабылдау естір құлаққа ерсі. Сондықтан мемлекеттік тілді өз тұғырына шығарамыз, қолданыс аясын кеңейтеміз десек ең алдымен Конституцияның 7-бабының 2-бөлігін жойып, Президент, Парламент, Үкімет пен Сот билігі тек мемлекетік тілде сөйлеуі керек. Өкінішке қарай, Қазақстан тарихында әзірге бірде-бір мемлекеттік жиынның тек мемлекеттік тілде өтіп, онда айтылған сөздер мен жасалған баяндамалардың мемлекеттік тілде әзірленіп, оқылғанын көру тәуелсіздіктің 33 жылында мүмкін болмай тұр.

Жасыратыны жоқ, соңғы ширек ғасырда мемлекеттік тілдің қолданыс аясы билік органдарында аудармамен шектеліп, тұсаулы аттай шоқырақтап жүр. Аудармаға жауапты ресми орган болмағандықтан, орысша дайындалып, артынан қазақшаға аударылған Конституциядан бастап, Парламент мақұлдап, Президентке қол қоюға ұсынылатын бүкіл заңды ешкім толық түсініп, талдап бере алмайды. Өйткені түрлі дау-дамайда оған соңғы нүктені қойып, сотта қаралып отырған іске өз үкімі мен шешімін жариялаған кезде судьяның өзі заңның мемлекеттік тілдегі емес, орыс тіліндегі нұсқасына көбірек жүгінуге мәжбүр.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

• КӨКЕЙКЕСТІ

Президенттен бастап, биліктің атқарушы, заң шығарушы және сот органдарының басшылары, қарапайым қызметкерлеріне дейін өз пайымын әрдайым шетелдік кеңесшілер мен сарапшылардың бағалауына сілтеме жасай отырып негіздейді. Алайда, ешқашан, ешкім қате пайымы үшін мойнына жауапкершілік алған емес. Тіпті соңғы жылдары Қазақстанда мемлекеттік басқарудың стратегиялық процестеріне шетелдік консалтингтік компаниялар ықпалының күшейгені байқалып отыр. Сол себепті аудиторлар дабыл қағып, бұл мәселеге қоғам назарын аударуға мәжбүр.

ШЕТЕЛДІК КЕҢЕСШІСІЗ ШЕНЕУНІКТЕР ШЕШІМ ҚАБЫЛДАЙ АЛМАЙ МА?

Олардың пайымдауынша, McKinsey, BCG және «үлкен төрттік» өкілдері (PwC, KPMG, EY, Deloitte) сияқты компаниялар мемлекеттік органдардың функцияларын атқарады десе де болады, бұл елдің егемендігі мен ұлттық қауіпсіздігіне үлкен қауіп төндіреді. Үкімет жұртшылықтан барған сайын алыстап, қоғам үшін «жабық» бола түскендей. Шенеуніктер шешімдері еш дәлелсіз, билік пен азаматтар арасында іс жүзінде диалог жоқ, ал мемлекеттік басқару деңгейі төмендеп кеткен.

«Бюрократияны қысқартудың орнына біз оның деградациясын көріп отырмыз: шенеуніктер стратегиялық функцияларды шетелдік сарапшыларға беру арқылы өз бетінше шешім қабылдау қабілетін жоғалтты. Мемлекеттік құрылымдар шетелдік кеңесшілерге жергілікті мамандар орындауы керек міндеттер үшін үлкен сома төлейді. Мысалы, «Қазақтелеком» өзінің стратегиялық жоспарлау комитеті бар болса да, PwC қызметтеріне 893 млн теңге жұмсады. Мемлекет екі рет төлейді: миллиардтаған қаржы шетелдік кеңесшілер мен өз міндетін сыртқы сарапшыларға жүктейтін топ-менеджерлерге кетеді», – дейді Аудиторлық қызмет және қаржылық есептілік ғылыми-зерттеу институтының сарапшысы Данияр Нұрсейітов. Оның айтуынша, шетелдік компанияларды стратегиялық нысандардың аудиті мен консалтингіне тарту деректердің «қолды болып кетуіне» қауіп төндіреді. Мысалы, Қазақстанның квазимемлекеттік секторы мен банк секторының едәуір бөлігі «үлкен төрттіктің» бақылауында.

«Аудиторлар алқасы» ЖАҚ Басқарма төрағасы Владимир Мурашовтың пайымдауынша, шетелдік кеңесшілердің кеңестері көбінесе қоғам мен мемлекетке зиян келтіретін корпоративтік мүдделерге қызмет етеді. Стратегия, жоспар және тұжырымдамалардан басқа, заңдар мен ережелер шетелдік сарапшылар нұсқауымен жасалады. Осындай сыртқы кеңеске ең жиі жүгінетін мекеме – ҚР Қаржы министрлігі. Ол әртүрлі халықаралық сертификаттарға сілтемелерді өзінің 8 бұйрығына енгізіп қойған, соның ішінде квазимемлекеттік сектордың аудитіне рұқсат беру құқығын белгілеу де бар. Сонымен қатар, Қаржы министрлігі мемлекеттік сатып алу қызметінде шетелдіктердің қызметін жасырын сатып алуға мүмкіндік беретін ерекше жағдай жасап қойған.

Сарапшылар «Аудиторлық қызмет туралы» заңды шетелдік кеңесшілердің мүддесін қолдаудың жарқын мысалы ретінде атап отыр. Аудиторлық қызмет туралы заңға енгізілген түзетулер – мұның нақты көрінісі. KPMG және британдық Сауда палатасы аудиторлық қызметтер нарығындағы бәсекелестікті гіне әкелері анық екенін көрсетеді. Канада, Франция, Австралия және басқа да елдер мемлекеттік басқаруды шетелдік сарапшылар басқаратынын ашық айтып отыр. Осындай үрейлі дабылдарға қарамастан, қазақстандық консультанттардың рөлін объективті бағалаудың орнына, сыртқы ойыншылардың қызметін әлі де белсенді пайдалануды жалғастыруда, бұл ел тәуелсіздігіне қауіп төндіруі мүмкін. Бүгінгі ұлттық стратегиялар мен заңдардың мазмұнында шетелдік кеңесшілердің қолтаңбасы бар. Ертең олар Қазақстанның саяси күн тәртібін анықтауға мүмкіндік алады деп санайды олар. Сондықтан аудиторлар мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордың шетелдік консультанттар қызметін сатып алуына мораторий енгізе отырып, шетелдік сарапшылардың қызметін қайта қарауды, сыртқы ойыншылардың мүддесіне қызмет ететін нормалар мәніне, Қазақстан заңнамасына ревизия жүргізуді, шетелдік компаниялардың стратегиялық объектілер мен ақпаратқа қолжетімділігін шектеуді ұсынып отыр. Сондықтан Қазақстан өзінің стратегиялық активтері мен процестерін бақылауды сақтау үшін халықаралық құрылымдармен ынтымақтастық тәсілін шұғыл түрде қайта қарауы қажет.

Ерлік КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

• ЖАҢҒЫРЫҚ

1986 жылы көтеріліске қатысып, қайсар қыз атанған Рысты АСЫМБЕКОВА сөйлей бастағанда желтоқсанның сол бір ызғарлы күндері көз алдымызға көлбеңдейді.

Рысты Мырзақызы – Кентау қаласының тумасы. 1981 жылы мектепті үздік бітірген ол 1981–1983 жылдары Жамбыл қаласында облыстық ақпараттық есептеу орталығында оператор болып жұмыс істейді. Тәжірибе жағынан шыңдалған жас қыз білімін жетілдіру мақсатында 1983 жылы Алматы қаласындағы Алматы электро-байланыс техникумына оқуға түсіп, студент атанды. 1986 жылғы оқиғаның ішінде болған қайраткермен әңгімеміз де Желтоқсан көтерілісіне қатысты өрбіді.

ЖЕЛТОҚСАН КӨТЕРІЛІСІНІҢ АШЫЛМАҒАН ҚҰПИЯСЫ КӨП

Алаңдағы алаң жұрт

– 1986 жылғы көтерілісті өз көзімен көріп, алаңда болдым, – деп бастады сөзін Рысты Мырзақызы. – Сол күндерді ұмыта алмаймын, есіме түсірсем жүрегім сыздайды. Ол тұста бізге «ұлтшылдар, маскүнем, бұзақылар» деп жала жабылды. Шындық олай емес екенін бәрі біледі. Ата-анамыздың «асылым» деп өсіріп отырған перзенті едік. Өз еркімізбен бейбіт шеруге шықтық. Біздер бір мақсатта бейбіт шерумен шықтық. Ұранымыз «Д.Қонаев басшымыз өз орнында қалсын» еді. 16 желтоқсанда сабақ бітті.

Жатақханадағы студенттер «Брежнев алаңы бір аттасаң жететін жер ғой. Жағдайды өз көзімізбен көрейік», – деп Назым, Айша, Гүлбаршын, Анар, Лейла, Зәуре, Роза, Әлия, Үміт және тағы да басқа қыздар алаңға жетіп бардық. Алаңда 300-дей студент бар екен, бәрі бейтаныс. Ұзын бойлы, қара шашты, мұртты жігіт 3 жігіттің иығына мініп алып сөйлеп тұр. Мінберге 52-55 жастағы апай шығып сөйледі. Ол 1937 жылы болған репрессия туралы, онда қаншама ақын-жазушының жазықсыз қамалғаны жайлы айтты. «Сондай жағдайға жол бермейміз» дегенде, ол апайды екі милиция ұстап алып кетті. Қайда әкетті, ол кісіге не болғанын әлі күнге дейін білмейміз. Сол жердегі жастар ертең алаңда тағы да жиналамыз деп айтып жатты. Қыстың қақаған суығында тоңсақ та, кетпей жүріп алдық. Ертеңіне сабақтан қашып алаңға жетіп келсек, кешегідей емес, сол маңдағы институт пен техникумдардың студенттері көп жиналыпты. Біздің техникумның тең жартысы сонда, сол барғаннан алаңда таң атқанша жүрдік. Студент жастар бәріміз бірге «Менің Қазақстаным» әнін орындадық. Мінберге белсенділер шығып сөйлеуде. Алдыңғы қатардағыларды милициялар таяқпен ұрып, итеріп тараңдар десе, біз бір-біріміздің қолымызды мықтап ұстап алып алға қарай жылжимыз, солдаттар бізді ұрып төменге тайдырады. Мұздан құламас үшін бір-бірімізді қолтығымыздан сүйеп тұрғызамыз. Осы итжығыс бірнеше сағатқа созылды. Прожекторлар жанып, ортада қоршауда тұрмыз, алаңның айналасы солдаттар мен милицияға толы. Қасымдағы қыздар тоңа бастады, сөйтіп бәріміз тез-тез жүріп жатақханаға қарай кеттік. Осылай екі күн қатарынан жастар алаңға жиналды.

Тергеу

18 желтоқсанда таңертең 8:00-де жатақхана алдында бүкіл студентке техникум директорының оқу ісі бойынша орынбасары Солдатенко «Қыздар, бірден сабаққа кіріңдер, ешқайда бұрылмаңдар», – деп айтты. Енді не істейміз? Сабақтан қалай қашамыз? Желтоқсан мен Сәтбаев көшесінің қиылысында 100 шақты АЗВИ студенті келе жатыр екен. Біз де жиырма шақты қыз солармен бірге алаңға қарай беттедік. Алаңда 16 мен 17 желтоқсанға қарағанда адам көп жиналыпты. Алаңға адам сыймайды, жан-жақтан қоршаған милициялардан өте алмайсың. Қыздар қолтықтасып бар күшімізбен жүгіріп барып, ішкі істер органдары қызметкерлерінің қоршауын бұзып, ортаға кірдік. Сол кезде милицияның бірі «бұларды абақтыға қамау керек» деді. Осы бұйрықты күтіп тұрған милиция қызметкерінің бірі, мені таяғымен аямай соққыға алып, екі қолымды қайырып, шашымнан ұстап, екіншісі аузымды қинап ашып сыраны аямай құйды, ал мен болсам басымды ары-бері сілкініп дес бермеуге тырысудамын. Сол жердегі қыздардың бәрін ұрып-соғып, тепкілеп орыс майордың бұйрығымен машинаға тиеді. Бізді балағаттап, әке-шешеден түк қалдырмады. Олардың балағат сөзін естіп қарап тұруға менің намысым жібермей «байқап сөйле» деп айқай салғанымда, «аузыңды жаппасаң осы тұрған жеріңде өлтірем» деді. Сол кезде қасымдағы қыздардың «Рысты, қой ерегіспе! Мынаның түрі жаман, онсыз да таяқ жедік, зиян келтірер», – деген сөзін естідім. Бізді Әуезов аудандық ІІБ-не алып келіп қамады, қарасақ бәрі біздің техникумда оқитын қыздар. Кабинетке 2 қыздан кіргізіп түсініктеме алды, екінші кабинетте аға лейтенант Сүлейменов және жетісайлық тергеуші отыр еді. «Сені жеке камераға қамасын депті. Қарындасым, бекерге құрып кетесің, айтқанымды жаз» деді. Бәрімізді суретке түсіріп, саусақ таңбасын алды. Тергеу бітті. Түнгі 12-де сот келді, 1-1.5 тәулікке алаңға барып тәртіп бұзғанымыз үшін маскүнем, бұзақы болып жазаландық. Мен жатқан түрмеде марқұм Қайрат Рысқұлбеков те жатты. Қыздарды бір камераға, ұлдарды басқа камераға жатқызды. Ал Қайраттың бір өзін жеке камерада ұстаған еді. 3 тәуліктен кейін Сүлейменов деген тергеуші менің қасыма кезекшіні қосып жатақханаға жеткізуді сұрады. Осы тергеуші түрмеден қашып шығуыма мүмкіндік жасады. Әлі күнге сол кісіге ризамын. Ол кісі болмағанда қазір алдыңызда отырар ма едім, кім білсін?

Өмір мен өлім арпалысы

– Таңертең 8:00-де жатақханаға келдім, есікті қағып едім, іштен құқық сабағынан беретін Берік ағай шықты, ол кісі менің түрімді көріп қорқып кетті. «Қайдан келдің», – деп сұрақтың астына алды. Бар шындықты баяндап бердім. Ішке кіріп жылап алдым, сол күні сұмдық болыпты, ұл-қыздарды таяқтаған, машинадан суық су шашқан, қолға түскендерді машинаға тиеп шет жаққа лақтырып тастаған. Қорқыныш пен үрей көңіліміздің кетпей қойды. Жатақханада бірге оқитын қыздардың біразы жоқ. Қол қусырып отырмай, қоқыстың арасынан қыздарды іздедік. Кеудесінде жаны бар жастарды қаланың шетіндегі бір үйге апардық.

Сөйтіп, өлім мен өмірдің ортасында арпалысып жатқан жастарды аман алып қалуға тырыстық. 1987 жылы 10 қаңтарда сабаққа келдік. Комсомол комитетінің жиналысы болып, «қатаң сөгіс» алып, есеп картаға «маскүнем, бұзақы» деп жазылды. Педагогикалық жиналыс болды, директордың орынбасары Солдатенко мені «оқудан шығады» деп, әбден ұрысты. Бөлім меңгерушісі А.Жансарин маған жақсы мінездеме берді, біраз мұғалімдер де жақсы студент екенімді айтып, оқудан шығармады. Бір жарым тәулік камерада жатқан қыздар да оқуын жалғастырды, ал ұлдарға обал болды. Сол оқиғадан кейін 43 студент оқудан босатылды. Оларды ешқандай жұмыс орны қабылдамады. Жұмыс істеп жүргенімде соттан шақырту келді, оқиғаны толық жазып бердім. Сөйтіп, бізді апта, ай сайын келіп тексеріп тұрды.

Азаматтарға алғыс айтамын

– Шыны керек, желтоқсан көтерілісінің ашылмаған ақиқаты көп. Мұхтар Шахановтың арқасында біраз шындық айтылды. Ол кісі комиссия құрып, 1989 жылы біраз ақпарат жеткізді. Желтоқсан көтерілісіне қатысқан жастардың ақталуына мүмкіндік жасады. Осы оқиға кезінде 850 мыңдай адам ұсталып, 5 мыңдай іс прокуратурада тергелді. 3 мыңдай іс ішкі істер бөлімінде тергелді. 99 адам сотталды. 4 адам шейіт болды. 500 адам партия қатарында қатаң сөгіс алды. Мыңға жуық адам партиядан босатылды. 500 адам жоғары және орта оқу орнын шығып, оқуын аяқтай алмады.

Бастапқы кезде қатты қысым көрдік. Дегенмен ғасырлар бойы бабаларымыз аңсаған тәуелсіздікке қол жеткіздік. Сол кезде маған қол ұшын берген бөлім меңгерушісі Асқар Жансаринге, Берік ұстазға, тәртіп сақшысы Сүлейменовке алғысым шексіз. Кентау қаласының бұрынғы әкімдері қолдап 2006 жылы «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы Б.Ақылбектің бастамасымен «Желтоқсан-86» ұйымы құрылды. 2009 жылдан ұйым төрайымының орынбасары болып тағайындалдым. Қазіргі уақытта Хантағы ауылы әкімшілігінде қызмет атқарамын. Отбасын құрып 1 қыз, 3 ұлды өсіріп отырмын.

Қаланың жанашыр азаматтары Желтоқсан көтерілісшілеріне қатысқандарды қолдап, ерекше құрмет көрсетуде. Байтақ жері бар халқымды, осындай ерлері бар елімді мақтан етем. Тәуелсіздігіміздің тұғыры әрқашан биік болсын!

Жазып алған
Раушан НАРБЕК

• ЗАУАЛ

МАС ЖҮРГІЗУШІ ҚОҒАМҒА ҚАТЕР

Жол-көлік оқиғаларын барынша азайту қазіргі таңда қоғамның алға қойған басты мақсатының бірі. Жол сапасын жақсарту, көлік жүргізушілердің жауапкершілігін арттыру, жолдағы бейнекамералар санын көбейту секілді шаралардың барлығы жол апатының санын азайтуға бағытталған. Әсіресе, соңғы жылдары көлік жүргізушілерінің жауапкершілігін арттыру үшін заң біршама қатаңдатылды.

Соның ішінде көлікті мас күйде басқарудың қоғам үшін қауіптілігі жоғары. Рөлге масаң күйде отыруға тыйым салынған. Бұл құқық бұзушылыққа әкімшілік және қылмыстық жауаптылық көзделген. Қазіргі таңда көлік құралын масаң күйде басқарған жүргізуші ӘҚБтК-нің 608-бабының 1-бөлігімен 15 тәулікке әкімшілік қамаққа алу және 7 жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айырылады. Бұл заң бұзушылық қайталанған жағдайда қылмыстық жауапкершілік көзделген. Бұған дейін аталған бұзушылық бойынша тек 3 жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айыру жазасы көзделген болатын. Масаң күйін анықтау бойынша куәландырудан өтуден бас тартқандар 15 тәулікке әкімшілік қамаққа алынып, 8 жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айырылады. Бұл жаза ӘҚБтК-нің 613-бабының 4-бөлігінде айқындалған. Басқару құқығы жоқ адамның не көлік құралын басқару құқығынан айырылған адамның көлікті масаң күйде басқарғаны 20 тәулікке, куәландырудан өтуден бас тартқаны үшін 25 тәулікке әкімшілік қамаққа алуға әкеліп соғады. Мас күйінде көлік жүргізген жүргізушілер үшін жаза күшейтілгеніне қарамастан, құқықбұзушылық азаймай келеді. Бұл сала мамандарын алаңдатып отыр. Жол ережесін сақтамау көп жағдайда жүргізушінің ғана емес, өзгелердің де өміріне қауіп төндіретінін ұмытпайық!

Нұрсұлтан Сәбит ҒАЛЫМҰЛЫ,
Алматы қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты әкімшісі басшысының міндетін атқарушы

• МЕДИАЦИЯ

Бүгінде саяси-әлеуметтік мәселені айтпағанда, отбасылық кикілжің, тұрмыстық қажеттілік үшін тараптар сотқа жүгінуге дайын тұрады. Әр сотқа істің көп түсуі сотқа деген сенімнің көрсеткіші. Мұны құқықтық мемлекеттің адам құқығын қорғаудағы бір қадамы деп те санаған жөн.

ӘР ІСТІҢ АРТЫНДА АДАМ ТАҒДЫРЫ ТҰР

Айнұр СӘКЕНОВА,
Алакөл аудандық №2 соты әкімшісінің бас маманы

Судьялардың уақытпен санаспай, әр іспен жете танысып, заңнаманы қайталай оқып, мұқият дайындалуға машықтанғанын біліп қана қоймай, бағалай білген дұрыс. Өйткені, әр істің артында адам тағдыры тұр ғой. Қызмет бабымен сот отырыстарында отырғанда «осы тараптар неге «Медация туралы» заңды түсіне оқып ойланып, сосын әрекет етпейді» деген ой санамда жаңғыра береді. Қазір сандық жүйе дамыған. Интернет желісіне енсеңіз іздегеніңізді табасыз. Жеке компьютеріңіз болмаса, республикалық «Заң газетін» алып оқыңыз. Бұл басылымда біз секілді тұрақты оқырмандар сот жүйесінің сан алуан қырын бүге-шүгесіне дейін тәптіштей түсіндіріп, тізіп береді. Сот төрағалары мен судьялардың мол тәжірибесі сұхбаттарында айқын жазылады.

«Медиация туралы» заңның 3-бабында тараптарды татуластырудың негізгі мақсаты «дауды шешудің медиация тараптарын қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу», «тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету» деп нақтыланған. Сонымен қатар бұл заңнама талаптары сот ғимараттарында көрнекті жерлерге ілінген. Бұл дегеніміз, қарапайым халықтың құқықтық сауатын дамыту және артық шығын шығармауға, уақытын үнемдеуге берілген мүмкіндіктер. Күнделікті өмірден бірер мысал келтірсек, қандай да бір мәселе үшін қорғаушы іздеу, олардың белгіленген ережесіне сәйкес келісімшарт жасасып, ақысын төлеу, нәтижесін күту деп тізбелене береді. Ал сабыр сақтап, жалпыхалықтық қолжетімді заңнамаларға үңіле оқып, жете түсінсеңіз өзіңізге өзіңіздің сеніміңіз артады. Әрі өмірлік қажеттілігіңіз өтеледі. Ең бастысы – медиация кезінде екі жақ та ризашылықпен тарасатынын ұғып, өзіндік ой түйесіз. Қорыта айтқанда, медиацияның берері мол. Соны дұрыс пайдалана білу әр азаматты сот әуресінен құтқарады.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

• ПӘРМЕН

ШЕШІМ ЗАҢСЫЗ ДЕП ТАНЫЛДЫ

Қауіпті емес қалдықтарды жою қызметін сатып алу конкурсының қорытындысы бойынша талап қоюшы жеңімпаз деп танылды.

Басқа әлеуетті өнім берушінің шағымы бойынша уәкілетті орган камералдық бақылау жүргізіп, нәтижесінде талап қоюшының еңбек ресурстарын растауында конкурстық өтінімге жұмысшының жеке куәлігі қоса берілгені анықталды.

Алайда соңғысының жеке куәлігінің қолданылу мерзімі өтіп кеткен. Осыған орай құқық бұзушылықты жою туралы хабарлама конкурсты ұйымдастырушылар атына жіберілген. Мемлекеттік сатып алу бөлімі конкурс қорытындысын қайта қарап, нәтижесінде екінші жеткізушіні жеңімпаз деп таныған. Ал талап қоюшы сотқа мемлекеттік сатып алу қорытындысы туралы хаттаманы заңсыз деп тану және күшін жою туралы талап арызбен жүгініп, конкурс қорытындысын қайта қарауды сұрады.

Сот жұмысшының жеке куәлігі өнім берушінің мемлекеттік сатып алу шартының талаптарын орындау үшін қажетті құжаттарға жатпайды деген қорытындыға келді. Соған орай конкурс қорытындысы туралы хаттаманың күшін жойып, жауапкерді қорытындыларды қайта қарауға міндеттеді.

Анар ШЕКЕНОВА,
Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының баспасөз хатшысы

• СҰХБАТ

Азамат ЕСҚАРАЕВ, *Қазақстан Республикасының Әділет министрі:*

«ҚҰҚЫҚТЫҚ АҚПАРАТТАР БАРЛЫҚ АЗАМАТ ҮШІН ҚОЛЖЕТІМДІ»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Екіншіден, қазір адамдардың көпшілігі ақпарат алу үшін әлеуметтік желілерді пайдаланатынын ескере отырып, Instagram желісінде «zan.onai» – «Закон простыми словами» парақшасы ашылды. Ол жерде заңдар мен заң жобалары инфографика, бейне және қарапайым нұсқаулар арқылы қарапайым тілмен түсіндіріледі. Осы Instagram парақшасы арқылы кез келген адам «Ашық НҚА» порталына тікелей кіре алатыны туралы жоғарыда айтып өттім. Әр адам сол парақшада өзін қызықтырған заң жобасын егжей-тегжейлі зерттеп, өз пікірін қалдыра алады.

Үшіншіден, біз 2023 жылдан бастап радио, теледидар және баспа БАҚ әлеуетін белсенді түрде жұмылдырдық. Өйткені бұл құралдар, тіпті әлеуметтік желілердің қарқынды дамуы аясында да сұранысқа ие. Қазір біз 100-ден астам баспа БАҚ-пен, бірнеше радио және телеарналармен бірлесе жұмыс істеуді жолға қойдық, бұл құқықтық ақпаратты барынша кеңінен таратуға мүмкіндік береді.

Төртіншіден, 2024 жылы адамдардың құқықтық ақпаратқа, мемлекеттік дерекқорларға қол жеткізе алуы, заңдарды өз бетінше зерделеуі үшін ауылдар мен аудандарда «Заң кабинеті» жобасын іске қостық. Қазір еліміздегі мұндай кабинеттер саны екі мыңнан асып жығылады. Жалпы, біз тұрғылықты жеріне қарамастан, құқықтық ақпаратты барлық азаматтар үшін қолжетімді етуге тырысудамыз. Азаматтарға ыңғайлы болу үшін жеке сайттар мен жүйелер қосымшалар мен мобильді нұсқалар түрінде ұсынылатын болады.

– Қызықты жобалар екені даусыз. Бірақ, менің түсінуімше, бұл құралдарды адамдардың күнделікті өмірде қолдануы оған мемлекеттің өміріне қатысуына мүмкіндік береді. Егер ол нақты құқықтық мәселелерге, құқықтық салада шешімдерді қажет ететін жағдайларға қызығушылық танытса ше? Қайда барып жүгіне алады?

– Иә, мұндай жағдайлар да болады. Ол үшін министрлік жанындағы құқықтық ақпараттық қызмет тәулік бойы жұмыс істейді, ол арқылы базалық құқықтық кеңес алуға болады. Бұл қызмет 119 нөмірі бойынша қоңырау шалу, WhatsApp және «19Kenesbot» telegram-боты арқылы қолжетімді.

Бұдан басқа, ай сайын аумақтық әділет органдары адвокаттармен, нотариустармен және басқа да білікті мамандармен бірлесіп, барлық жерде, соның ішінде ауылдық елді мекендерде кездесулер, семинарлар, кеңестер, Ашық есік күндерін өткізеді. Осы іс-шаралар аясында әр адам өзін толғандырған құқықтық мәселе бойынша нақты маманға тікелей жүгінуге мүмкіндік бар. Сондай-ақ «e-zankomegi» жүйесі жұмыс істейді, ондағы кәсіби адвокаттар мен заңгерлерге құқықтық қолдауды қажет ететін мәселе бойынша жүгінуге болады.

– Бұл шынымен де өте ыңғайлы. Азаматтардың бұл мүмкіндіктерді пайдаланудағы белсенділігі қандай?

– Азаматтардың қызығушылығы мен белсенділігі артып келе жатқанын көріп отырмыз. Адамдар ақпараттық жүйелерге, жалпы, құқықтық ақпаратқа көбірек жүгінеді және бұл өте керемет. Өйткені халық неғұрлым ақпараттандырылған болса, құқықтық бағыттағы мәселелерді шешу және белсенді азаматтық қоғам құру оңайырақ болады.

– Жалпы, халық құқықтық түсіндіру жұмыстарын қалай қабылдайды? Бұл жұмыстарды бағалау жолдары қандай?

– Біз де биыл атқарған жұмысымыз, алған бағытымыз дұрыс па деген мәселені түсінгіміз келіп, өзара ойласқан едік. Халықтан объективті кері байланыс алу үшін «eGov mobile» арқылы ауқымды сауалнама жүргізіп, оған 100 мыңға жуық азамат қатысты. Сауалнама нәтижесі көрсеткендей, респонденттердің көпшілігі құқықтық білімін орта деп бағалайды, яғни олардың негізгі білімі бар, бірақ оны күнделікті өмірде қолдануда қиындыққа тап болуда.

– Сауалнама барысында қандай негізгі проблемалар анықталды?

– Респонденттердің негізгі мәселесінің бірі – заңнаманы түсінудің күрделілігі мен қиындығы. Адамдар үшін көбінесе заңдарды қабылдау және құқықтық мәселелерді айқындау қиынға соғады. Сондықтан министрлік бұл мәселені ескере отырып, оны кешенді түрде шешу жолдарын қарастыратын болады. Біз қазірдің өзінде заңнама тілін оңайлату және заңды түсініктемесімен бірге жариялау бастамасын қолға алып жатырмыз.

Айтпақшы, азаматтардың көпшілігі құқықтық сауаттылықты арттыруды мектеп қабырғасынан бастау керек деп санайды. Сондықтан біз Оқу ағарту, Ғылым және жоғары білім министрлігімен бірлесіп, мектептегі «Құқық негіздері» пәнінің мазмұнын жеңілдету және университеттердегі заң клиникаларын жандандыру бағытында жұмыс істейтін боламыз.

Алдағы уақытта сауалнама нәтижесін талдауды және құқықтық білім беру тәсілін жақсартуды жалғастырамыз. Біз әрбір азамат өзіне қажетті көмекті ыңғайлы және түсінікті форматта алуы үшін цифрлық технологияларды пайдалануды кеңейтуді жоспарлап отырмыз.

– Мазмұнды сұхбатыңыз үшін рақмет! Халықтың игілігі жолындағы еңбегіңізге толағай табыс тілеймін.

– Рақмет! Біз әрқашан өз тәжірибемізді бөлісуге және азаматтардың игілігі үшін жұмыс істеуді қуана-қуана жалғастырып, жұмысымызды одан да тиімді және барлығына пайдалы етуге тырысамыз.

А.АХМЕТОВА

• ОҢ ҚАДАМ

Тіркеу қызметі саласында жаңалық көп. Коммерциялық емес ұйымдарды тіркеу, коммерциялық заңды тұлғаларды, жылжымайтын мүлік және азаматтық хал актілерін тіркеу саласындағы, сондай-ақ ресми құжаттарға апостиль қою бағыттарын мемлекеттік және әдістемелік бақылау Әділет органындағы тіркеу қызметінің құзырында.

ЭҮП АРҚЫЛЫ ҚЫЗМЕТ АЛУ ЫҢҒАЙЛЫ

Гүлмира САҒАДИЕВА,
Ақмола облысы
Әділет департаменті басшысының орынбасары

Жақында электрондық үкімет порталында коммерциялық емес ұйымдарды мемлекеттік тіркеу қызметі іске қосылды. Бұл коммерциялық емес ұйымдарды құру және тіркеу процесін жеңілдетті. Мысалы, пәтерлердің, көп пәтерлі үйдің тұрғын емес үй жайларының (КТЕҮЖ) иелері үшін УправДом мобильді қосымшасы (Coogle Play және Apple Store арқылы орнатуға болады) әзірленді, осы қосымшаны пайдалана отырып, пәтерлердің, көп пәтерлі үйдің тұрғын емес үй жайларының (КТЕҮЖ) иелері ММИБ (мүлік меншік иелерінің бірлестігін) тіркеу және ММИБ-нің төрағасын өзгерту бойынша дауыс бере алады. УправДом мобильді қосымшасы пәтерлер, көп пәтерлі үйдің тұрғын емес үй-жай иелерін қағазға қол жинаудан босатады.

Келесі жылдың 7 қаңтарынан бастап ММИБ тіркеу үшін тапсырылатын құжаттар тізімі өзгертіледі, атап айтқанда, ММИБ-нің үлгілік жарғысын ұсыну қажеттілігі жойылып, тұтыну кооперативі үшін құрылтай жиналысының шешімі, ал тұрғын-үй құрылысы кооперативі үшін тұрғын-үй құрылысы кооперативін құру туралы шешім қажет. Сонымен қатар, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды тіркеудегі хабарлау тәртібін жою бойынша түзетулер жаңа жылдан бастап күшіне енеді.

«Сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізілімдері туралы» заңына сәйкес, сәйкестендіру нөмірі жоқ адамдарды қоспағанда, шетелдік қатысуы бар орта және ірі кәсіпкерлік субъектілеріне жататын заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін нотариалды куәландырылған қазақ және орыс тіліндегі аудармасы бар төлқұжат немесе шетелдік құрылтайшыны анықтайтын басқа құжат, сондай-ақ «Халықтың көші-қоны туралы» заңына сәйкес коммерциялық ұйымдарды тіркеу құқығын растайтын құжат қажет болады. Акционерлік қоғамдарды, жеке кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік тіркеу және олардың филиалдарын есептік тіркеу электронды өтініш беру мерзімі бір сағаттан бір жұмыс күніне ауыстырылды. Әрі заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеуден бас тарту бойынша толықтыру енгізілді.

Мемлекеттік қызметті электрондық нысанда көрсету үшін «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» заңына сәйкес қызмет алушының жеке басын биометриялық куәландыру жүзеге асырылуы мүмкін. Сонымен бірге, ЭҮП-да «Қазақстан Республикасының әділет органдарынан және басқа да мемлекеттік органдардан, сондай-ақ нотариустардан түсетін ресми құжаттарға апостиль қою» (Е-Апостиль) электронды мемлекеттік қызметі енгізілді. Апостиль қою қажет құжаттар көшірмесін сканерлеу арқылы ЭЦҚ бар кез келген азамат порталда бұл қызметті пайдалана алады.

Азамат өтініш берген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде оның құжаттарына апостиль коюға жататындығы немесе жатпайтындығы туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызмет берушінің орналасқан жері, берілген және қабылданған күні туралы хабарлама алады. Осыдан кейін апостиль қойылған құжатты әділет департаментінен 1-3 сағат ішінде ала алады.

ЭҮП арқылы қызмет алу өте ыңғайлы, бұл уақытты үнемдеудің және қызметтің өнделуін күту уақытын азайтудың тиімді жолы.

• РЕФОРМА

ЖАҢАШЫЛДЫҚТЫҢ ЖҰРТ КӨҢІЛІНЕН ШЫҒАРЫ АНЫҚ

Сот саласын реформалау бір күннің шаруасы емес. Мемлекеттегі заң мен тәртіптің, құқық үстемдігінің кепілі болған бұл саланы жаңғырту – қоғам қажеттілігі. Кассациялық соттардың қолданысқа енгізілуі – сол жаңа реформалардың нәтижесі.

Телжан ӘМІР,
Қармақшы аудандық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2024 жылғы 5 шілдеде «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына қол қойғаны белгілі. Осы заң Қазақстанда дербес үш кассациялық соттың құрылуына негіз қалады. Мұндай жаңашылдық еліміздің сот жүйесін халықаралық стандарттарға сәйкестендіру үшін, сондай-ақ азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейту үшін қолға алынып отыр.

Кассациялық соттарды құрудың маңызы зор. Мұндай бастама ең алдымен сот тәжірибесінің бірізділігін қамтамасыз етуге ықпалын тигізеді. Сонымен бірге, бұл құқықтық даулар-ды шешуде әділдік пен бейтараптықты нығайтуға және құқық қорғау органдары мен азаматтардың құқықтарын тиімді қолдануға бағытталған. Кассациялық соттардың жұмысын жолға қою елдегі құқықтық мәдениетті арттырып, заң үстемдігін нығайтуға ықпал етеді. Жаңа кассациялық соттарды құрудағы тағы бір артықшылық – бұл сот әділдігін қамтамасыз етуде және құқықтық дауларды қарауда қателіктердің алдын алуға мүмкіндік береді. Кассациялық сот қазылар шығарған шешімдердің заңдылығын тексеруге және құқық қолдану тәжірибесін жетілдіруге де ықпал ететінін айта кеткен орынды.

Келесі жылдан Астанада жұмысын бастағалы отырған үш кассациялық соттың құзыреті кең. Бұл сот алдыңғы сатыдағы соттардың шешімдерін заңдылық тұрғысынан қайта қарайды. Сонымен бірге, құқықтық даулар бойынша бірыңғай сот тәжірибесін қалыптастырады. Сондай-ақ соттардың заңды шешім қабылдауына бақылау жасау мүмкіндігі бар. Ашықтық пен бейтараптық, заңдылық пен тең құқықтық қағидаттарына негізделген жаңа реформаның жұрт көңілінен шығары талассыз.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

• ПАЙЫМ

ЗАҢДЫ БІЛГЕН ЗАРДАП ШЕКПЕЙДІ

Мемлекет басшысының әр жолдауында құқықтық саланы дамыту, азаматтардың мүддесін қорғауды жетілдіру мәселесіне ұдайы көңіл бөлініп келеді. Биылғы стратегиялық құжатта да бұл салаға қатысты мәселелер мен міндеттер бесінші бағдарға топтастырылып, «Заң мен тәртіп» қағидаты бекітілді.

Расында, қоғамда тәртіп сақталмаса, халық заңға бағынбаса ел дамымайды. Мұндай мемлекеттің болашағы бұлыңғыр. Сондықтан, халықтың құқықтық сауатын көтеру, заңның басымдықтарын түсіндіру аса өзекті. Заңды білген адам зардап шекпейді. Заңды таныстыру, заңнамадағы басымдықтарды түсіндіру де көптеген олқылықтың алдын алатынын ұмытпайық. Осы ретте заңгерлерді дайындап, болашақ құқық қорғаушыларға білім беріп отырған оқу орындарына жүктелетін жауаптылық орасан.

Жалпы, заңдарды қоғам қажеттілігіне, халық талабына сай өзгертіп, жаңғыртып отыру – қалыпты үрдіс. Осы заңдар шын мәнінде елге қызмет етіп, көпшіліктің көңілінен шығу үшін құқықтық құжаттарды дайындау ісінен барша қоғам шет қалмауы керек. Әсіресе, біздер құқық, заң саласына маманданып жатқан шәкірттерімізді заң шығармашылық ісіне белсенді қатысуға дайындаймыз. Заң жобаларын шәкірттер арасында таныстырып, талқылап, ұсыныс әзірлеудің тиімді тұстары аз емес.

Біріншіден, заңды талдауға, таразылауға бейімделген жас мамандардың ойлау, фактілерді қорыту қабілеті дамиды. Екіншіден, мұндай процесс жастардың ізденуіне, өзге елдердің заңдарын қарап, салыстыруына жол ашады. Үшіншіден, заңдарды талқылау жас мамандардың сыни ойлау, пікір білдіру, өз ойын дәлелдеу шеберлігін шыңдайды. Төртіншіден, заңдарды талдау арқылы жас мамандар көпшілік алдында сөйлеуге, ойын жүйелеп жеткізуге, пікір жарыстыруға, өз ұстанымын дәлелдеу мәдениетін игеруге мүмкіндік алады. Бұл шәкірттерімізді тіл байлығын дамытып, көркем сөйлеп қоймай, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін жасауына, ауқымды ойды аз сөзбен қорытып беруіне көмектеседі.

Болашақ заңгерлер, құқық қорғаушылар халық игілігіне мінсіз қызмет етуі үшін өздері заңнан сауатты болуы шарт. Өзі заңды жетік білсе, өзгелердің де құқығын қорғауға батыл кірісіп, сапалы заңдық көмек көрсете алады.

Айнұр МУХАМЕДЖАНОВА,
Бас прокуратура жанындағы Құқық қорғау академиясы прокурорлық қадағалау кафедрасының аға оқытушысы

• ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

Ержан НАУРЫЗБАЙ, «Adal Zaman» саяси партиясының бастамашысы:

«ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСТІҢ **ЖАЛҒЫЗ ЖОЛЫ –** ӨЛІМ ЖАЗАСЫН ЕНГІЗУ»

– Ержан Құрманбайұлы, менің білуімше сіз мемлекеттік қызметте ешқашан жұмыс істемегенсіз. Қырықтың қырқасынан асқан кезде саясатқа араласуды жөн көрген екенсіз. Бұл «Атың шықпаса жер өрте» дегендей тірлік деуге келмес, дегенмен оқырманды күпті етпей осы жолға қалай келгеніңізді өзіңіз баяндап берсеңіз?

– Студент кезімде елдегі өзгерісті жеделдету үшін өзгелер секілді мен де отаншыл азаматтар мемлекеттік қызметке бару керек деп ойлайтынмын. Қазақ мемлекеттік заң университетінің 2-курсынан кейін Әділет министрлігінде 2 апталық практикадан өткен кезде бұл ойым беки түскен еді. Алайда, кейін «Болашақ» бағдарламасы арқылы магистратураны Германияда жалғастырғанда, елде болып жатқан жағдайды, жемқорлық пен сыбайластықты сырттан көрген соң, мемлекеттік қызмет туралы ойым, түсінігім қатты өзгеріп кетті. Сондықтан бұрын мемлекетте қызметте болған елге есімі белгілі бір саяси қайраткерге Қазақстандағы жағдайды өзгерту үшін құқықтық жағынан қолдау көрсетуге және бастамашыл топтың жұмысына қатысуға дайын екенімді айтып хат жазғам. Алайда ешқандай жауап болмады. Саясатқа араласу туралы бірінші талпынысты өз басым сол кезде жасағам.

– Мемлекеттік қызметке баруға қандай да бір талпыныс жасаған жоқсыз ба?

– Магистратураны бітіріп, елге оралған соң «Болашақ» бағдарламасы әкімшілігінен өзім білім алған жоғары оқу орнына оқытушы болуға ұсыныс жасалды. Басқа мемлекеттік қызмет іздемей-ақ, бұл жұмысқа зор қызығушылықпен бардым. Онда 2 жыл азаматтық құқық пәнінен студенттерге практикалық сабақ өткіздім. Алайда, бұл қызмет мені толық қанағаттандырған жоқ. Сол себепті теориялық білімді практикалық тұрғыдан сынап көру үшін «Болашақ» бағдарламасының Астанадағы әкімшілігіне жұмыс ауыстырғым келетінін, бос жұмыс орнына заңгер іздеген жерлер бар ма деп хабарласқам. Марқұм боп кеткен Рита Сәбитқызы деген кураторымыз Астанадағы Қорғаныс министрлігінің Бас штабында ғана бір жұмыс бар деген соң, байқап көрейінші деп 2002 жылы сонда бардым. Ондағы бір генерал мені таныстырғаннан кейін бірден «руың кім?» деп сұрады. Мемлекеттік жүйедегі шенеуніктердің әрекетіне онсыз да көңілім толмай жүрген кезде, бұл маған қатты әсер етті. Себебі бұған дейін құрдастарыммен кездескен кезде мына жүйені біз ішінен өзгертеміз деген сенімде болғандар кездескен. Сондықтан біз мемлекеттік қызметке 100 адам болып кірсек те, бұл жүйені оңайлықпен өзгерте алмайтынымызды, өйткені оның өзіндік ережесі барын, оны бақылап отырғандар өздері қалыптастырған жазылмаған заңдарын өзгертуге ешкімге, ешқашан мүмкіншілік бермейтініне көзім анық жетті. Өкінішке қарай, замандастарым өз ойын ашық айтудан, құқығын талап етуден әлі күнге дейін қорқады. Олар саясатқа, саяси бастамаларға сенімсіздікпен қарайды. Оны да ашық айту керек деп ойлаймын.

– Саясатқа жасалған кейінгі қадамдарыңыз қай уақытта болды?

– Есіңізде болса, ҚР Тұңғыш Президенті биліктен кететінін, оны қабылдап алатын ізбасары туралы айтқан кезде 2018 жылы желтоқсанда Мемлекет басшысының атына электронды үкімет порталы арқылы хат жолдап, оны әлеуметтік желіде ашықхат ретінде жарияладым. Оны жақында тауып алып, фейсбуктағы парақшама шығарып қойдым. Қызыққан адамдар сол жерден көруіне болады. Онда билікті қабылдайтын ізбасар деген болмау керек. Мұндай жағдай болса, олигархтар төңкеріс жасайды. Оның орнына үкімет пен бұрынғы оппозиция өкілдерін және белсенді жастарды жинап, уақытша үкімет құрып, содан кейін ғана неге сайлау тағайындамайсыз деп айтқам.

2014–2019 жылдары мен әлеуметтік желіде өзгерісті революция арқылы емес, саяси партия құру арқылы заңды жолмен жасайық деген ой-пікірімді жұртшылыққа жеткізу үшін саясат пен заң саласына қатысты түрлі жазбалар жариялап жүрдім. Сол кезде естеріңізде болса, 2019 жылы көшеге, алаңға шығып жаз бойы «Оян қазақ», «Оян Қазақстан!» деп ұрандайтын қозғалыстар пайда болды. Тіпті бірнеше топ ақпарат құралдарының қолдауымен елімізде төңкеріс жасауға әрекеттенді. Соған жастарды тартып, әлеуметтік желілер арқылы нұсқаулар беріп отырды. «Көшеде көліктеріңнің сигналдарын басып, қолдарыңа түрлі-түсті түтіндеткіштер алып жүріңдер» деген сияқты. Оған шетелден белгілі бір күштердің де қатысы болды. Сол кезде халықты ереуілге шығуға үгіттеп жүрген белсенділердің біріне:«наразылықты заңды жолмен жасаңдар, саяси партия құрайық деп шығыңдар, халық пен күш құрылымдары арасында қақтығысты тудырмаңдар» деп едім, жазбамды бірден блокқа жіберді. Сосын өзгелеріне де хабарласуға тырыстым. Бәрі бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай, сұхбаттан қашты.

– Қолдаушыларыңыз бар ма бұл жолы?

– Пікірлескен кезде бәрі ойың дұрыс екен біз саған моральдық тұрғыдан қолдау көрсетіп, сарапшы ретінде ақылшы болайық. Әзірге бізді ашық майданға шығарма. Оған дайын емеспіз. Өйткені осы жүйеге қызмет атқарып жүргендіктен, біз оның күші мен әлеуетін жақсы білеміз. Біздің қазір қолымыз байлаулы, аяғымыз тұсаулы дейді кіжініп. Олардың арасында құқық қорғау органдарында қызмет жасағандар да, шағын бизнесте жүрген қарапайым кәсіпкерлер де бар. Сондықтан өткен шақта түрлі жағдайда біліп-білмей жасаған өз қателігін мойындап, ол үшін халықтан кешірім сұрап, кінәсін мойындаған жағдайда оның адамға, қоғамға тигізген зардабының көлеміне қарай жазасын, жауапкершілігін жеңілдететін арнайы заң қабылдау керек шығар деген ойға келіп отырмын.

– Саяси мақсатыңыз бен бағдарламаңызда өзгелерден айтарлықтай айырмашылық таппадым. Әділ құқықтық жүйе құруда серіктестеріңіз кім?

– Саяси партиялардың бағдарламалары 95 пайыз бірдей болуы мүмкін. Басты сұрақ олардың артында тұрған адамдарда, олардың мақсат, ниетінде. Бұл партияның өзгелерден басты ерекшелігі біздің артымызда ешқандай қаржылық, өндірістік топтар не олигархтар тұрған жоқ. Халыққа өзі қатысатын ашық, адал, әділ саяси партия құру арқылы өмірін жақсартуға өзі бастамашы болу керек деген үндеумен шығып отырмын.

– Парламенттік тергеу институты қажет деп қалдыңыз. Бұл не үшін керек?

– Бұл жерде институт деген сөз ұйым ретінде емес, құқықтық ұғым ретінде айтылып отыр. АҚШ-та Сенат шулы мәселелер бойынша комиссия құрып, тергеу жасайды. Бұл дәстүр Англияда да бар. Бізде де мемлекеттік меншікті жекешелендіруден бастап, шетелге заңсыз шығарылған активті қайтаруға қатысты қоғамда әлі күнге дейін басы ашық тұрған сұрақ өте көп. Онда заң шығарушы орган өкілдері тек құқықтық заңнаманы мақұлдаумен шектелмей, оның орындалуына өзі де ықпал ету үшін Парламент тергеу институтының қызметін атқару қажет. Бұл Парламенттің өзге уәкілетті атқару органдарының қызметіне араласуы не оның жұмысына сенбеушілігі емес, әділдікті орнатуға деген ұмтылысын іс жүзінде дәлелдеуі үшін керек.

– Қоғамдық-саяси қызметті шетелден қаржыландыруға тыйым салу туралы бастамаға да кеңірек тоқталып өтіңізші?

– Біздің Конституцияда және «Саяси пириялар туралы» заңның ішінде бір норма бар. Онда саяси партиялар мен кәсіподақтарды шетелдік қаржыландыруға тыйым салынған. Қазіргі таңда жағдай мүлде өзгерді. Интернет дамыған соң саясатқа қатысып жүрген кейбір адамдар және ұйымдар партия ретінде тіркелмей-ақ жұмысын жасап жүр. Оны олардың әлеуметтік желілердегі жарияланымдарынан да байқауға болады. Мәселен, 2019 жылғы саяси алаңдағы қозғалыстарға кім қатысқаны интернернетте анық көрінді. Олармен қатысы бар адамдар саясатқа қазір де қатысып, интернет медиа арқылы халыққа қатты әсер етеді. Бұлар саяси өмірге қатысса да, бізде партия жоқ деп заңдағы норманы айналып өтуде.

– Экономикадағы мемлекеттің жетекші рөлін қалай сақтамақсыз?

– Мемлекеттің экономикадағы рөлі өте нақты болу керек. Бірінші, реттеу жүйесі ретінде. Менің ұстанымым қандай жағдай болмасын, мемлекет қуатты, сөзі мен ісі үйлескен мықты басқару жүйесі бар құрылым болу керек. Кезінде демонстрация кезінде полицияда қару болмау керек дегендер болды. Олар демократияны желеу етіп халыққа өз саясатын сіңіріп жатыр. Ондағы мақсаты құқық қорғау органын әлсірету. Қарусыз полиция елде қандай да бір төтенше жағдай туындаған кезде дәрменсіз болғанын қалайды. Екінші, реттеу, бақылау жүйесі ретінде «Самұрықтың» ішіндегі компаниялар нарықтық бәсекелестікке қабілетсіз болса, оларға мемлекеттің қаржысын текке жұмсамай, жекешелендіруге шығару керек. Әйтсе де, ірі өндірушілер мен әуежай, темір жол вокзалы сияқты стратегиялық нысандар мемлекет қарамағында қалу керек. Себебі жекелеген нысандарға қоғам жағынан, халық жағынан ешқандай бақылау жоқ. Жалпы, шағын және орта бизнеске араласпаса да, ірі бизнеске мемлекеттің белгілі бір үлеспен қатысуы керек.

– Шетелдік компаниялармен жасалған келісімшартты қайта қарау инвесторларды үркітпей ме?

– Бұл мемлекеттің күшіне байланысты. Заң жағынан қиын болғанмен, мемлекет өзінің еркін, саяси талпынысын көрсетіп, әр инвестормен жеке келісу керек. Келісімшарттарды қайта қарау бір күндік мәселе емес, бірақ оны уақыт өткізбей бастау қажет. Бұл заман талабы. Өйткені табиғи қазба байлықтар мен ірі өндіріс орындарының қызметінен бюджетке салық түрінде түсетін қаржы, олардың табысының көлемімен сәйкеспейді. Табыс кезінде әділетсіз бөлінген және келісімде меншік иесінің өкілеттігін біржақты түрде бекіткен. Жалпы, тәуелсіздікті сақтау бизнеске емес, мемлекеттік қызметшілерге байланысты екенін түсінетін уақыт болды. Келісімдерді тек таза бизнес тұрғысынан ғана қайта қарау керек болса, бұл шетелдік инвестицияны үркітпейді, қайта экономикадағы тазалық пен ашықтыққа деген ұмтылысымызды көрсетеді

– Қазір заң шығарушы биліктен бастап, биліктің өзге сатыларында шетелдік кеңесшілер мен сарапшылардың қызметі және рөлі айрықша жоғары бағаланып жүр. Бұл өз мамандарымыздың білімі мен тәжірибесіне деген сенімсіздіктен туындап отырған жәйт пе?

– Жақында Аудиторлық алқа өкілдері бір ақпарат жариялады. Билік шетелдік аудиторлық компанияларға Ұлттық банктен бастап, қоғамның барлық саласын «төртікке» бөліп беріп қойған. Сондықтан 1990 жылдардағы өндірісті жекешелендіруден бастап, капиталдың шетелге заңсыз шығуына шетелдік аудиторлық компаниялардың қандай қатысы барын да тексеру керек деп ойлаймын. Шетелге шығатын валютаны да қатаң бақылау қажет.

Өз басым шетелдік консультанттарды барлық салаға тартуға қарсымын. Соңғы 20-25 жылда біздің мамандарымыздың да деңгейі өсті. Өткенде депутаттар да айтты ғой «Құрылыс кодексін» 300 млн теңге төлеп неге консалтингтік компанияға тексеруге береміз деп. Шетелдік кеңесші мен сарапшылар қызметіне жыл сайын негізсіз төленетін қаржының көлемі аз емес. Бұл қомақты қаржының елімізді дамытуға емес, шетелге негізсіз шығарылуы орынсыз.

– Қоғамдық сана мен ұлттық идеологияны қалыптастырудағы түйткілді мәселелердің түйінін қалай тарқатуға болады?

– Қоғамдық сана мен ұлттық идеология жемқорлыққа әбден байланып қалған. Қазір ешбір мәселені бір-бірінен ажыратып жеке шешу мүмкін емес. Халық бір күнде өзгеріп кетпейді. Өйткені қоғамда жемқорлыққа сұраныс бар. Бизнесін ашқан кәсіпкерлердің бәрі заңдылықты сақтауға тырыспайды. Күнделікті өмірде жеке тұлғалар да, заңды тұлғалар да мәселесін заңды жолмен емес, тамыр-таныстықпен шешуі қалыпты норма боп кеткен. Сондықтан биліктегілер өзгермей, ештеңе түзелмейді. Қоғам өзгермей, ұлттық сана өзгермей, мемлекет де өзгермейді. Меніңше, жемқорлықпен күрестің жалғыз жолы – өлім жазасын енгізу.

– Арнайы уақыт бөліп, сұхбат беруге келіскеніңіз үшін рақмет. Ісіңіз ілгері басып, халық таңдауын білдіретін саяси партия құруыңызға тілекшіміз.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

• БАҒДАР

ТӘРТІП БАР ЖЕРДЕ НӘТИЖЕ ЖОҒАРЫ

Мемлекеттік қызметші өз қызметінде Әдеп кодексін басшылыққа алады. Өскемен қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты әкімшісінің қызметкерлері өз міндетіне аса жауапкершілікпен қарап, әдеп нормаларының сақталуына, ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалдың дұрыс болуына көп көңіл бөлуде.

Ш.ИСЛЯМОВА,
Өскемен қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты әкімшісінің басшысы

Осы ұжымда 18 жылдан артық еңбек етіп келе жатқан өз ісінің майталмандары: А.Ешмухамбетова, В.Топчеева, И.Смирнова, 17 жыл еңбек өтілі бар Н.Алтынбекқызы, 16 жыл еңбек етіп келе жатқан Р.Бакиржанов, 9 жылдан артық уақыт ішінде белсенділігімен көзге түскен А.Бексолтанов, 7 жыл бойы жұмысын адал атқарған Д.Ташенова, 6 жыл ішінде тиянақты жұмысымен танылған Ж.Тұрғанов жас қызметкерлерге тәжірибесін бөлісіп, білгенін үйретуден жалыққан емес. Іс-шараларды ұйымдастыру жағынан ерекше қабілетке ие, сөзге шешен, бас маман Н.Оспанбектің еңбегін мақтанышпен айтуға болады. Жаңадан қатарымызға қосылған И.Калюжный, А.Садықовтар спорт пен өнерде де мықты.

Жалпы, тәртіп бар жерде нәтиже де болатыны белгілі. Сот саласында да бұл қағида аса қажет. Мемлекеттік қызметші жанжақты дамыған тұлға болуы тиіс, үнемі салауатты өмір салтын ұстап, отбасы құндылықтарын сақтауы, жұмыстан тыс уақытта да өз іс-әрекетімен үлгі көрсеткені абзал. Осы үдеден шыға білген, мемлекеттік қызметкердің бет-бейнесіне көлеңке түсірмеген ұжымдағы барлық қызметкерді мақтан тұтамын.

• КЕСЕЛ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТЫ ТӨМЕН ЖАНДАРДЫҢ АЛАЯҚҚА АЛДАНУЫ ОҢАЙ

Алаяқтық бүгінгі заманның зауалына айналды. Өзінің бас пайдасы үшін түрлі қитұрқылыққа баратын қылмыскерлерде аяушылық, жанашырлық деген сезім жоқ. «Жеңілдің үстімен, ауырдың астымен жүруге» үйренген олардың тілі майда, сөзі сенімді. Содан болар, бұқаралық ақпарат құралдарында күнделікті көрсетіліп, айтылып, жазылып жүрсе де, алаяқтардың қармағына түсіп қалатындар қатары кемімей келеді.

Ең қызығы, алаяқтар жаңа бір әдіс, тың тәсіл ойлап тауып жатқан жоқ. Барлығы «Кезексіз үй алып беремін», «Арзан бағаға жер телімін алуға көмектесемін», «Айлығы жоғары жұмысқа орналастырамын», «Банктен кедергісіз несие алуға қол ұшын беремін» деп аңқауларды арбауды әдетке айналдырған. Сенгіш азаматтар өзіне үйіп-төгіп уәде берген адамның немен айналысатынына, қолынан іс келетініне мән бермейді. Олар ұсынған ақпаратты тексеріп, шындық екеніне көз жеткізіп те жатпайды. Тек «қолдаушысы» телефонын сөндіріп, байланысқа шықпай, көзден ғайып болғанда ғана, алданғанын түсініп, құзырлы органдарға шағымданып жатады.

Ал сандық технологияның дамып, интернет пайдаланушылардың көбеюі алаяқтық қылмысын тіпті өршітіп жіберді. Бүгінде интернеттте отырып-ақ алаяқтық жасайтын қылмыскерлер көбейіп кетті. Олар да азаматтардың құқықтық сауатының кемдігін, қаржылық білімінің жоқтығын, сонымен бірге әр нәрсеге сенгіштігін ұтымды пайдалануда.

Сот тәжірибесі көрсеткендей, интернет алаяқтықтың әдісі соншалықты күрделі емес. Көп жағдайда азаматтарға белгісіз адам қоңырау шалып, өзін банк немесе құқық қорғау органдарының қызметкері деп таныстырып, жанашырлықпен картадан рұқсат етілмеген төлем жасалғанын және ақшаны сақтап қалу үшін оларды басқа шотқа аудару немесе төлем карта деректемелерін айтуды сұрайды. Дегбірін қоймай, қайта-қайта қоңырау шалып, қаржыңыздан айырылласыз дегенді естіген жандар ойланып жатпай, жеке мәліметтерін қалай бөтен адамға айтып қойғанын білмей қалады. Ал алыстан бопсалап отырған алаяқты құзырлы органдардың табуы, қолға түсіруі де оңай шаруа емес. Сондықтан, ешқашан қаржы шоттарының дерегін үшінші адамға айтпау керек.

Интернет-алаяқтар қолданатын екінші әдіс – ұтыспен байланысты. «Көлік ұтып алдыңыз, үйге ие болдыңыз! Сізге ақшалай ұтыс беріледі» деген хабарламалардың артында алаяқтар тұратынын есте ұстайық. Мұндай жағдайда ешқашан бейтаныс адамдардың электрондық шотына ақша жібермеу керек.

Интернет-дүкеннен зат алғандар да не ақшасын, не тауарын қайтара алмайтын кездер көп. Сондықтан, бүгін парақша ашып, арзан тауарларға ақша жинап алған соң, парақшасын жаба салатын интернет-алаяқтардың арбауына түспеген дұрыс.

Әрине, мұндай алаяқтардың қылмысы дәлелденіп, іс сотқа дейін жетсе үлкен жетістік. Бұл жерде алаяқтардың өз атына дүние-мүлік тіркемейтіні, қаржылық шот ашпайтыны да жәбірленушілердің ақшасын қайтартуда айтарлықтай қиындық тудыратынын ескерген жөн. Мұндай әуре-сарсаңға түспеудің басты жолы – құқықтық сауатты арттыру. Заңдарды оқып, құқықтық сауатын көтеріп жүрген азаматтар алаяқтар құрған схемаға көзсіз сеніп, алданбайды.

Эльмира САДЫХОВА,
Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының сот отырысы хатшысы

• ТАҒЫЛЫМ

33 жыл бұрын ел тәуелсіздігінің іргетасы қаланды, Ата заңымыз жазылып, ұлттық рәміздеріміз пайда болды, шекарамыз шегенделді. Тәуелсіздік – қазақтың басты құндылығы. Қазақ елі үшін тәуелсіздіктің мәні де, маңызы да айрықша. Өйткені тәуелсіздіктің арқасында қазақтың тарихы түгенделіп, тілі, діні және ділі қайта жаңғырды. Ұлттық салт-дәстүріміз жанданды.

ТӘУЕЛСІЗДІГІМ – АЙБЫНЫМ

Бұл атаулы күннің шығуының да өз маңызы бар. 1991 жылы 16 желтоқсанда Жоғарғы кеңес «Тәуелсіздік пен мемлекеттің егемендігі туралы» заң қабылдады. Сол сәттен бастап еліміздің тарихының жаңа дәуірі басталды. 1986 жылы 16 желтоқсанда қазақ жастарының елімізге ұлты қазақ басшы талап етіп алаңға шығуы да, тәуелсіздік таңын жақындата түсті.

Тәуелсіз ел атанғалы бері еліміз зор жетістіктерге жетті. 1993 жылы төл валютамыз айналымға енді. Ядролық қарудан бас тартып, бейбіт сүйгіш ел ретінде өзімізді таныттық. Жаңа астанамызды салып, облыстарымыздың саны көбейді. Халқымыздың санының да жыл санап артқанын байқап отырмыз. Бүгінде Қазақстан – БҰҰ-ның толыққанды мүшесі. Еуроодақ, МАГАТЭ, ЮНЕСКО және басқа да аса ықпалды халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты белсенді түрде нығайтып отыр. Халықаралық деңгейде еліміздің мәртебесі арта түсіп, тіпті Елордамызда халықаралық кикілжіндер мен конфессияаралық мәселелерді шешуге арналған талай халықаралық жиындарды өткізуге мұрындық бола білді. Мұның барлығы Тәуелсіздігіміздің арқасы.

Былтырдан бастап бұл атаулы күн мемлекеттік мереке және тәуелсіздік алуға зор үлес қосқан ұлттық батырларымызға тағзым күні ретінде аталып өте бастады. Бұл да болса, еліміздің өткенін таразылап, бүгінін бағамдап жатқанын білдіреді. Қазіргі таңда ұлт сапасын арттыру жолында жасап жатқан жұмыстарымыз нәтижесін беріп, жаңа Қазақстан құруға талпынысымыз ақталғай!

А.ҚАЛМҰХАМБЕТОВ,
Ақтөбе қалалық сотының судьясы

• ПІКІР

РУХАНИЯТ БАСТАУЫ

Тіл – халықтың асыл қазынасы. Әр мемлекеттің тарихынан сыр шертетін, көркем сөзбен суреттеп ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші құрал.

Қазақ тілі – ежелден қалыптасып, өміршеңдігін дәлелдеген бірегей тіл. Тілдің шұрайы арқылы ұрпақ қалыптасты. Білім, әдебиет, мәдениет, руханият түзілді. Ұлттың бет-бейнесі әлемге айшықталды. Осы құнарды жоғалтпай келер ұрпаққа таза күйінде жеткізу бүгінгі әр азаматтың парызы.

Қазақ тілінің болашағы нұрлы. Оған жыл сайын өз ұстанымын, пәрменін күшейтіп келе жатқан ана тіліміздің бағыты дәлел.

Қазақстанның болашағы қазақ тілінде. Тілсіз ұлт болмайды. Өз тілімізді сақтау, оны құрметтеу отаншылдық рухты оятуға қызмет етеді. Әрі ол – ата-баба алдындағы ұлы парызымыз, мемлекеттік тілдің мәртебесін асқақтатып, оның қолданылу аясын кеңейтуге, дамытуға атсалысу алдымен білім ордаларынан бастау алуы тиіс. Білім алдымен тіл арқылы игеріледі.

Үміт ТАШКЕНБАЕВА,
Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының аға сот приставы

• ҚАЗЫНА

Тіл туралы жазудан, ол туралы айтудан қашпау да, жалықпау да керек. Себебі, тіл бүкіл бір халықтың жүрегі. Оның бойында ұлттық болмыс, ұлттық рух, дәстүр мен салт жатыр. Сондықтан әр халық өз тілінде мақтанып қана қоймай, оны дамытып, жұмыс жасауы керек. Себебі, қазір әлемде жойылып кетуі мүмкін тілдер қатары бар. Бұл тілдер қолданыстан қалып, сөйлеуі мен өмір сүруін тоқтатқандар. Тіл жойылуы сол ұлттың не халықтың да жойылып кетуіне тікелей себеп.

ТІЛ БОЙЫНДА САЛТ-ДӘСТҮР, БОЛМЫС ЖАТЫР

Одан қала берді отарға тап болған елдердің де тілдері сол держава тіліне бағынып, өз өмір сүру салтын жоғалтады. Тіл – ең ұлы қару. Тіл – ең асыл құндылық. Тіл – ең керемет қатынас құралы. Әлемдегі ең көп таралған тіл – ағылшын тілі. Себебі, оның таралу және қолдану аймағы кең. Ал ең сұлу тіл деп француз тілін атайды. Дегенмен, осы қатарға өзіміздің қазақ тілін де қосуға болады. Неге? Қазақ тілі – әлемдегі мағынасы көп, синонимдік тіркесі мол, сөйлеу стилі сұлу, ерекше тіл. Тек қолданатын халықтың саны аз демесеңіз, бұл тілдің құдіреті ерекше. Абайға дейін жыраулар, батырлар мен хандар, шешендер осы ана тіліміз арқылы дау шешіп, соғыстың бетін қайтарған. Абайдан кейінгі қазақ тілінің ерекше қолданысқа түсуі, оның қазақ поэзиясын халық ішіне идіріп әкелуі. Әрине Абайға дейін де поэзия болды. Бірақ ол зар-заман жырлары мен дастандары. Ал Абай тілінде сұлулықпен біз айтқан ерекшелік үндесіп жатыр. Тіл өлсе, ұлттың да өмір сүруі мүмкін емес.

Сондықтан сіз қай ұлттың өкілі болмаңыз, тіл үшін күресуге міндеттісіз. Сол тілде сөйлейтін соңғы адам болсаңыз да, тіліңіз жайында аманат қалдыруға, мұра қалдыруға тырысуыңыз керек. Себебі, сіздің тілде жазылған құнды тарихи деректер, кейінгі ұрпақ үшін үлкен рөл ойнауы мүмкін. Мәселен, кезіндегі орхон жазулары, руна жазулары бүгінгі көптеген түркі халықтарына тән тарихи деректердің көзін ашып беріп отыр. Ендеше сіздің де тіл өлмесе, ертеңгі ұрпақ үшін, жалпы адамзат үшін үлкен мәнге ие болары сөзсіз. Өз тіліңізді сүйе отырып, өзге тілге құрмет білдіріңіз. Тілсіз тірліктің тасы өрге домалайды десе, қателесесіз.

Ботагөз ӨТЕҒАЛИЕВА,
Орал қаласының №2 соты әкімшісінің бас маманы-сот отырысының хатшысы

ТАРАТУ

2. «First Business Group» (Фест Бизнес Групп) ЖШС (БСН 050240020515) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 050002, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Баишев көшесі, 3А үйі, тел. 87778477004.

3. «Микро финансовая организация Алтын Нәр Капитал» ЖШС (БСН 171240002772) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Самар көшесі, 103-үй, 45-пәтер.

4. «Race Base» ЖШС (БСН 230540034900) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Райымбек ауылдық округі, Қыргауылды ауылы, Ақсай Саялы бағбандық серіктестігі, 110-құрылыс.

5. «QAZ ENRICHMENT» ЖШС (БСН 210640007284) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Бұхар жырау көшесі, 32/3 құрылысы.

6. «Benecy Healthcare (Бенеси Хэлская)» ЖШС (БСН 220340022541) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Әл-Фараби көшесі, 21-үй, 355-пәтер, тел. 87019906585.

8. «Ынтымақ-2020» несиелік серіктестігі» ЖШС (БСН 141040003381) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Талаптан а/о, Бала би ауылы, Нұрмахан Жандаев көшесі, 22-үй.

15. «Zenit Finance» ЖШС өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 21, 669-пәтер.

17. «Безопасность-МАКСИМА» ЖШС (БСН 140140006387) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды қаласы, Ровенская көшесі, 45.

18. «Микрофинансовая организация «Сенат 2050» ЖШС (БСН 161140005971) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды қаласы, Қазыбек би атындағы ауданы, Гоголь көшесі, 34А құрылысы, 1-блок.

19. «Стоматология Династия» ЖШС (БСН 211040001122) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Шымкент қаласы, Нұрсат-2 ықшам ауданы, 29/2-үй, 2-корпус, 6-пәтер, тел. 87471202222.

20. «GlobalMedd» ЖШС (БСН 221240015240) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайы бойынша қабылданады: Астана қаласы, Қошқарбаев даңғылы, 10, 1303-пәтер, тел. 87018886057.

21. «БРЯГ» ЖШС (БСН 130240002326) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды қаласы, Космонавт көшесі, 1/29-ғимарат, тел. 87018877054.

ӘРТҮРЛІ

7. «BCC Life» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ барлық мүдделі тұлғалардың назарына 2024 жылғы 25 қарашадан бастап Компанияның заңды және нақты мекенжайы: Алматы қаласы, Достық даңғылы, 188, 2-қабат болғанын жеткізеді.

10. Бұрынғы берілген сенімхаттар ЖШС «РемМонтаж», БСН 050340008591, Ақтөбе қаласы, мүдделерін білдіру үшін Сисен Талғат Бөрібайұлы, ЖСН 800714300326, және Асылбеков Берик Казбекович, ЖСН 830821301054, берілген, 2024 жылдың 17 желтоқсанынан бастап жарамсыз деп есептелсін.

12. «Жетісу» Алматы құс фабрикасы» ЖШС, ҚР Экологиялық кодексінің 58-бабының 2-тармағының және 73-бабының 1-тармағының талаптарына сәйкес, 2024 жылғы 30 желтоксаннан бастап 5 жұмыс күні ішінде Бірыңғай экологиялық порталда хабарлайды (Ecoportal.kz) «Қазақстан Республикасының Алматы облысында инженерлік инфрақұрылымы бар өндірістік қуаты жылына 120 мың тонна ет өнімін өндіретін Алматы құс фабрикасының құрылысы» (Ақсеңгір өзені мен Жиренайғыр өзені арқылы өтетін екі автожол көпірін салу) (Ақсеңгір өзені арқылы өтетін көпір) және «Қазақстан Республикасының Алматы облысында инженерлік инфрақұрылымы бар өндірістік қуаты жылына 120 мың тонна ет өнімін өндіретін Алматы құс фабрикасының құрылысы» (Ақсеңгір өзені мен Жиренайғыр өзені арқылы өтетін екі автожол көпірін салу) (Жиренайғыр өзені арқылы өтетін көпір) жұмыс жобалары бойынша жария талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өтедітіндігін хабарлайды.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында қабылданады.

16. Көкшетау қаласы, Ақан Сері көшесі, 92 мекенжайы бойынша, 2001 жылы шығарылған, жасыл түсті, Hyundai Galloper JK T01 автокөлігіне сауда-саттық жарияланады, кепілдік жарна қарастырылмаған, бастапқы сома 2 890 000 теңге, аукцион өткеннен кейін 5 жұмыс күні ішінде төленеді. Аукцион 2025 жылдың 15 қаңтарында өтеді. Астана уақыты бойынша сағат 15:00 Көкшетау қаласы, Ақан Сері көшесі 92 мекенжайы бойынша. Сенімді өкіл Евгений Андреевич Серков, Мәлік Ғабдуллин көшесі, 46-үй, +7 777 896 15 55

22. «Жамбыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-нен (БСН 990840002158) үйден арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету бөлімшелері «Жамбыл ауданының үйде қызмет көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ-сі болып бөлініп шығу жолымен қайта құрылады деп хабарлайды . Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап тиісті заң талаптарына сәйкес мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы, Қарасай батыр көшесі, 261-үй. Байланыс телефондары: 8 (72-770) 2-15-63, 8 (72-770) 2-07-86.

23. Түркістан қалалық сотының 2024 жылғы 13 желтоқсандағы ұйғарымымен азамат Гудков Анатолий Серафимовичті қайтыс болды деп жариялау туралы Азаматтық іс қозғалды. 2007 жылғы 15 наурызда Түркістан қалалық соты Түркістан қаласындағы Исабеков көшесі (бұрынғы Гречко) мекенжайында тұратын азамат Гудков Анатолий Серафимовичті хабарсыз кетті деп тану туралы шешім шығарды. Гудков Анатолий Серафимовичтің соңғы жұмыс орны - Н.Төрекұлов (бұрынғы Никитин) мектебінің физика пәнінің мұғалімі. 2002 жылы 22 сәуірде үйден шыққан, содан бері ешқандай хабар жоқ. 1947 жылы 22 ақпанда дүниеге келген. Үйленбеген, отбасы жоқ. Жалғыз басты, балалары жоқ. Егер А.С. Гудковты көрген-білген және қандайда бір мәліметтер бар болса, 8 701 770 88 42 нөміріне хабарласуыңызды сұраймын.

24. «7 КАРАТ-ЛОМБАРД» ЖШС, БСН 070640000132, 2021 жылғы 9 наурыздағы №14.21.001.Л микрокаржылық қызметті (ломбард қызметі) жүзеге асыру лицензиясының ерікті түрде тоқтатылғаны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қабылданады: Павлодар қаласы, Назарбаев даңғылы, 20-үй, 77-пәтер.

25. Павлодар облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы» ММ, БСН 210140016914, жаңадан құрылған заңды тұлғаларға функцияларын, құқықтары мен міндеттерін (міндеттемелерін) бере отырып, «Павлодар облысының кәсіпкерлік және сауда басқармасы» мемлекеттік мекемесі мен «Павлодар облысының индустриялық-инновациялық даму басқармасы» мекемесіне бөлу және құру жолымен қайта ұйымдастырылатынын хабарлайды. Талап-арыздар екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Астана көшесі, 61-үй.

МҰРАГЕРЛІК

9. 2024 жылдың 15 маусымында қайтыс болған Кожаназарова Наргулдің артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус А.Н. Игликовке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Байзақ Батыр көшесі, 174-ғимарат, тел. 87476294046, 87071595857.

14. 2024 жылдың 2 қазанында қайтыс болған Аширова Анар Сарыбаевнаның артынан мұрагерлік іс ашылды Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Абылкасымова Гульнар Оразакыновнаға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Алматы облысы, Іле ауданы, Боралдай кенті, Водник-1 ықшам ауданы, №36/11, тел. 87071378775.

БАНКРОТТЫҚ

11. 2024 жылғы 17 желтоқсандағы Астана қаласы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының (МАЭС) анықтамасы бойынша «Частная компания Neutrino Ltd.» БСН 191240900221, банкроттығы туралы іс қозғалғанын хабарлайды. Мекенжайы: Астана қаласы, Абай көшесі, 36-үй.

Қызылорда облыстық соты және Сот әкімшілігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті, Судьялар одағының Қызылорда облысы бойынша филиал департаментінің ішкі қауіпсіздік бөлімінің басшысы Тұрғанбай Ғани Айтбайұлы мен отставкадағы судья Тұрғанбай Марат Айтбайұлына әкесі

Тұрғанбай Айтбай Жүсіпұлының

қайтыс болуына байланысты отбасына көңіл айтады. Марқұмның жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолқын көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.»,
Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

• БАЙҚАУҒА!

МИДАҒЫ «КОХ ТАЯҚШАСЫ»

(Соңы.
Басы өткен №95-96 сандардада)

Қылмыскерді тауып алғандай жарқылдай сөйлеген ол:

– Абылай Әзімханұлы, қоқыс жәшігінен бір емес, екі бетперде таптым. Екеуін қабаттап киген бе, жабысып тұр екен. Қалташаға салып алып, бөлімге келе жатырмын, – деп самбырлаған Жасұланды Абылай «Жарайсың, енді сол бетпердені сараптамаға өткізіп бірақ қайт» деп қолпаштап қойды.

...Баламысың деген. Бетперде табылса, қылмыс ашылатындай өрекпіп тұрғанын көрмейсің бе?!

Жасұланды сот-сараптама орталығына жіберген соң, деректерді тағы бір қорытқан жедел топ енді ертеңгі жұмыстарын бөлісуге кірісті. Тілекке жүргізушіні әлі де зерттей түсу тапсырылды. Оның қылмыскерлер алып кетті деген тапаншасы мен телефонын да назардан тыс қалдырмау керек. Кімдерге көп хабарласты, кімдермен араласты, оған да көңіл бөлу артықтық етпейді. Айдын шаштараз қыздың байланыстарын анықтап, ертеңгі сұрақ-жауапқа сақадай сай отыруы тиіс. Қазір прокурорға хабарласып, барлық күдіктінің телефондары мен әлеуметтік желідегі жазбаларын қарауға рұқсат алу кезек күттірмейді. Жалпы, адамдардың шаштараз, аспаз, массаж жасаушы сияқты кәсіп иелерімен тез тіл табысатыны белгілі. Аружан тонауға қатыспағанымен, осы үш қылмыс бойынша ақпарат беруші болуы әбден мүмкін. Айтпақшы, Қалқан мен Жасұлан таңертеңнен тұрғын үйге қайта барып, кеше үйлерінде болмаған тұрғындарды сөзге тартсын. Кім білсін, күдіктілерді көрген тағы біреу шығып қалар...

Қарауындағыларға тапсырманы бөліп берген соң, Абылай полиция басқармасына бет түзеген. Бағана генералдың «Жасалған жұмыс бойынша кешке есебінді күтем. Мен 8-ге дейін кабинетімде боламын. Келе бер» дегені жадында. Ол кісіге де жан-жақтан қоңыраулатып, есеп сұрап жатқандар аз емес болар...

* * *

Таңертең тұра сала Ажардың шайын асығыс ішкен Абылай бөлімге жеткенше асықты. Кеше генерал бір күнде атқарылған жұмыстарын жақсы бағалағанмен, «Қайсенов, сенен бірдеңе шығады деп осы істі әдейі тапсырып отырмын. Министрлер де, елшілер де тоқтаусыз хабарласып жатыр. Айтарға сөзім жоқ. Қоңқайып мына жерде отырғаннан не пайда? Анау Жапон елшісі Цойдың қызын суретке түсіріп жіберіпті. Титтей балапан анасының қолынан ұстаған қалпы ұйықтап қалған екен. Жүрегің ауырады. Жаның шырқырайды. Бірақ, амал не? Сондықтан, қылмысты тезірек аш. Қылмыстың түйінін неғұрлым тезірек тарқатсаң, бізге де, елдің атына да үлкен абырой болады» деді ағалық өтінішпен. Генерал әрі міндеттеп, әрі қолқа салып тұрғанда Абылайдың не жаны қалсын. Түнімен тыпыршып ұйықтай алмаған ол алдымен ауруханадағы әйелдің жағдайын білмек болды.

Таңғы жеті болса да, кішкентай бүлдіршін оянып алыпты. Топ-томпақ қолдарымен қасықты ұстап ойланып кетіпті. Не ойлап отыр екен? Өзінің Еркеназының осындай бөбек кезі көз алдына келді. Әке-шешесі барда уайымсыз, бақытты ғой бар бала.

Күтушінің өбектегенін елемей отырған қыздың жанына барып, басынан сипады. Өзіне үмітпен қараған балақайға айтар сөзі жоқ. Қимылсыз жатқан әйелге көзінің қырын салған Абылай кеңсірігіне жиналған ащы өксікті білдірмейін деп палатадан тез шығып кетті.

* * *

Көлігіне жақындай бергенде қалтасындағы телефонның дірілінен селк ете қалды. Михаил Захаров екен.

– Абылайчик, сені қуантайын деп таңнан хабарласып жатырмын. Апаңның Мәскеуге кеткенінің пайдасы тиді. Үйде жалғыз не істеймін деп кеше сенің жас оперің әкелген бетпердені сараптамадан өткізгем. Бетпердедегі сілекейден кох таяқшасы табылды. Ашық туберкулезбен ауыратын адам мынау. Бірақ, саусақ ізі анық емес. Тек басбармақтың біреуі айқын. Егер істі болған адамның бірі болса, жұмысың жеңілдейтін шығар. Қалай, мен молодеспін бе? – деген Захаров өзінің қашанғы әдетімен риясыз күлді.

– Жақсы болды ғой. Захарыч, рақметімді дәл қазір барып айтып кетемін. Рақмет, рақмет сізге, – деп алғысын білдірген Қайсенов жаңалығын алдымен генералға айтқан.

«Бір сәуле көрінді-ау әйтеуір. Абылай, дактилоскопиялық орталыққа хабарлас. Саусақ таңбасын салыстырсын. Сосын жақын уақытта түзеу мекемелерінен шыққандарға сұрау сал. Түрмеден шыққандар арасындағы ашық туберкулезбен ауыратындар тізімін де тексергенің жөн. Егер саусақ таңбасы базада жоқ болса, тағы да тығырыққа тірелгеніміз» деген генерал жаңалыққа қуанып қалғанымен, күдік-күмәнін де жасырмады.

Генерал тапсырмасынан кейін департаменттің ортақ базасына барған Абылай қолындағы Захаровтың сараптама қорытындысын мамандарға қалдырып, өзі бөлімге қайтты. Сот-сараптама орталығының жұмысы 9-дан басталады. Ондағы мамандар Захаров сияқты түнімен жұмыс істей қоймайды. Қыздардың қашан сараптама нәтижесін беретіні белгісіз. Оған дейін бөлімге барып, жігіттердің жұмысын қадағалар. Жасұланды да қуантып қоймаса болмас. Ең алғаш жұмысқа араласқанда өзі де әріптестерінің бір жылы сөзінен қанаттанып қалатын еді ғой. Бағына қарай жаңа жұмысқа араласқан тұста ішкі істер саласында аты аңызға айналған талай мықты із кесуші, тергеушімен қызметтес болды. Анау адам етін жейтін Нұрғалиевті құрықтаған Бауыржан Беков, инкассаторларды тонаған Қирабаев тобын торға түсірген Темірбек Асаубаевтардың тәлімін алды, тәрбиесін көрді. Енді сол ұстаздардан алған білім-білігін ізінен ергендерге үйрете алса, қанеки.

Аудандық полиция бөліміне кіріп бара жатқанда, кезекші ымдап тоқтатты.

– Абылай Әзімханұлы, мына қыз сіздердің бөлімге келіпті. Айдын Санасаров шақырды дейді.

– Әә, мына қыз ба? Иә, бізге келді. Өзіммен бірге алып кірейін. Айдын кеше рұқсат қағаз қалдырған болар?

Мұның мақұлдауын күткен кезекші «қарындасым, құжаттарыңды қалдыр да, Абылай Әзімханұлымен бірге бар» деп 19-20 жас шамасындағы бойжеткенді есіктен өткізіп жіберді.

«Түзеу мекемелерінен соңғы уақытта шыққандарды тексеріңдер» деген генерал сөзі құлағында жаңғырып тұрған соң ба, Аружан алдына келіп жайғасқан сәтте Абылай:

– Ағаң қай мекемеде жазасын өтеп жатыр? – деп сұрақты төтесінен қойды.

– Алматының шетіндегі Заречный елді мекенінде.

– Ммм, қашан шығады?

– Әлі тоғыз жылы бар. Биыл ол университетті бітіруі керек еді. Жанындағы балалардың сөзіне еріп есірткі тасымалдаймын деп сотталып кетті.

– «Закладчик» боп тұр ғой.

– Иә, өзінше қомақты табыс табам деп жүрген. Екінші күні-ақ қолға түсті ғой. Соны уайымдаймын деп анам қант диабетіне шалдықты. Қазір аяғын баса алмай, үйде жатыр. Қарап отырып маған салмақ түсті. Оқуымның ақысын жапсам, зымырап пәтердің ақысы кеп тұрады. Қиын боп кетті, – деген Аружан қысылып төмен қарады.

Ағынан жарылған қыздың сөзіне іштей анализ жасаған кәнігі із кесуші ненің шын, ненің жалған екенін болжағысы келіп біраз үнсіз қалды. Мұндайда жасырар жұмбағы бар адамдардың дегбірсізденіп кететіні бар. Ал мына қыз кабинетті көзбен шарлап, керегеге ілінген суреттерге тесіле қалыпты. Өзіне бәрі қызық, бәрі таңсық секілді. Шетелдік кәсіпкермен ара қатынасы туралы сұрап еді, алғашқы танысқан сәтінен бастап бүкпесіз баяндай жөнелді. Өзі ашық екен. Ақтарылып бәрін жіпке тізгендей айтып жатыр, айтып жатыр. Осы кезде Айдын да ішке кіріп, Аружанмен жылы амандасты.

– Қалайсыз, аға! Кеше осы кісіге бәрін айтқам негізі. Ол шетелдікте нем бар құрысын. Өзінің дәмесі зор, – деп сықылықтай күлді. Қызбен қосыла күлгенсіген Айдын бастығының қолына байланыс операторынан келген бірнеше беттік анықтаманы, әлеуметтік желідегі жазбаларды ұсына қойды. Айдын Аружанға дайындаған сұрақтарын қойып жатқанда Абылай қыздың ватсап, телеграмм, инстаграмда жазысқан хаттарын шолып өтті. «Сәлем, мені шашқа жазып қойшы, осы жолы қандай шаш үлгісін жасасам екен, шашты бояуға, сәндеуге уақыт тапшы» деген сияқты хаттар. Басқа көңіл аударарлық, күдік тудырарлық жазба жоқ. Қызбен жылы қоштасқан із кесушілер енді сарапшылардан қашан хабар болар екен деп құлақ түріп отыр.

* * *

Күткенде уақыт жылжи қоя ма? Сарапшыларға қайта-қайта қоңырау соғып асықтырған Абылай «База дұрыс жұмыс істемей тұр» дегенді естіген сайын зығырданы қайнады. Елдер 5G интернет деп жатқанда бұлар әлі полиция базасының өзін ретке келтіре алмай келеді.

Тапсырмамен кеткен Жасұлан, Тілек, Қалқандар да хабарсыз. Кешелі бергі жиналған құжаттарды тағы бір сараптап отырғанда бірінші болып Жасұлан мен Қалқан қоңыраулатты.

– Тілдескен тұрғындардың бәрі ештеңе көрмедік деп жатыр, Әбеке, – деді Қалқан. – Бірақ кешегі куәгер әріптесіміз күдіктінің фотобейнесін жасауға әзір. Қазір соны алып бөлімге барамыз.

– Жақсы! Мүмкін жанындағылардың да сұлбасын есіне түсіріп қалар.

«Онда Тілекке де айтып, жүргізушіні бөлімге алдырту керек. Ол да фоторобот жасауға көмектесіп қалар. Бір бастан, екі бас жақсы» деп ойлаған Абылай бірден Тілекке хабарласты. Жүргізушінің жанында тұрған Тілек «Құп, басеке! Қазір жетеміз» деп келісе кетті.

Осы кезде сарапшылар да қорытындыны электрондық поштаға жібергендерін айтып, хабарласты әйтеуір.

«Саусақ ізі ҚР Ішкі істер министрлігінің базасында бар. Бетпердеден табылған саусақ ізі ортақ базадағы Болат Мелсұлының саусақ таңбасымен толық сәйкес келеді.

Болат Мелсұлы 1991 жылы туылған, Алматы облысы Сарқан ауданының тумасы.

2000 жылы Қылмыстық кодекстің 191-бабы 3-бөлігімен кінәлі деп танылып, 5 жыл жазасын 155/14 қауіпсіздігі орташа мекемесінде өтеген. Қазір Алматы қаласында тіркеуде. Спорт мектебінде күзетші болып жұмыс істейді» деген мәліметпен бірге сотталушының суреті қоса тіркелген.

Сонымен сараптама қолда. Бірақ, қоқыста жатқан бетпердені таптық екен деп бұл жігітті қамай алмайсың. Оны тек жұқпалы аурудан емделмей, халықтың денсаулығына қауіп төндірді деген негізбен ғана жауапқа тартып, әрі кетсе медициналық мекемеге мәжбүрлеп жатқызуға болады. Қылмысқа қатысын анықтау үшін әлі еңбектену керек. Тоқта! Куәгер басқаны танымасам да, жөтелген жігітті жазбай танимын деген жоқ па? Ендеше, тек фоторобот жасауға келе жатқан куәгерді күту ғана қалды. Оған қоса, Айдынды Спорт мектебіне жіберіп, Болат Мелсұлы жайлы деректер жинату керек. Сақ қимылдамаса болмайды. Қылмыскерлерді үркітіп алмаған жөн.

* * *

Бөлімге алдымен жүргізуші Кеңес Дархановпен бірге Тілек кірді. «Спорт мектебі тиіп тұр ғой. Жаяулатып келе салдық» деді IT мамандардың жанына жайғасып жатқанда Тілек.

Спорт мектебі несі? Оның жүргізушіге қандай қатысы бар? Абылайдың көкейіндегі сауалды бірден ұққан Тілек:

– Бұл жігіттер қауіпсіздікке жауапты болған соң, үнемі формада болуы керек. Сондықтан Кеңес спорт мектебінде кешке барып өзі де жаттығып, жастарға да көмектесіп жүр екен, – деді сұрағыңызға жауап бердім бе дегендей бастығына қарап.

– Дұрыс, жігіттердің әр кез бабында болғаны жақсы ғой, – деп құптаған түр көрсеткенімен, «спорт мектебі» Абылайдың миында шыңылдап тұрып алды.

Осы кезде күзетші Аңсаған Бектұровпен бірге жылы әңгімелесіп Жасұлан мен Қалқан да есіктен енді.

– Ә, сендер де кеп қалдыңдар ма? – деген Абылай күзетшіге амандасып, жағдайды таныстырмақ болғанда Аңсаған Бектұровтың компьютер алдындағы жігіттерге қарап қатып қалғанын байқады. Бұлар аңтарылып тұрғанда:

– Мынау мен айтқан үшеудің бірі ғой. Бауырым, қане басыңа кепканды киші! Иә, дәл өзі, – деп қойып қалды.

Онсыз да Спорт мектебіне қатысты көңіліне күмән кірген Абылай мына жүргізушінің не себепті күдіктілердің санын дәл айтпай, «толық, тапал» деп тергеуді шатастырмақ болған әрекетін түсіне бастағандай.

Өзіне төніп тұрған төрт опердің мысы басты ма, әлде екінші қабаттан қашып құтыларына сенімсіз болды ма, Кеңес Дарханов орнынан тырп еткен жоқ. Бұлардың сауалдарына да жауап бермей, тымсырайып отырып алды.

* * *

Дархановтың қолына кісен салған соң, Жедел топ бірден Спорт мектебіне бағыт алған. Прокурордың санкциясын да шығартып үлгерген Қайсенов «жігіттер, біз тұтқындағалы отырған жігіттің туберкулез екенін ұмытпаңдар. Сақтық керек» деп ескертуді де ұмытпады.

Бір топ боп бұлар кіріп келгенде алдарынан Айдын шықты. «Әріптестері жаңа ғана осында деп еді, Болат Мелсұлы ізім-ғайым жоқ» деді шарасыз күйде. Жоғалуы түсінікті. Жүргізуші досы полициядан тез шыға қоймаған соң, әккі қылмыскер табанын жалтыратпақ болған ғой. Бұлардың иіріліп тұрғанын көрген Спорт мектебінің әкімшісі күзетші отыратын бөлмеге бастаған. Ішке кірген із кесушілер екі куәгердің көзінше бөлмені тінтуге кірісті.

Олжа деп осыны айт! Шкафтың ішінен саудырап бірнеше көліктің нөмірі, түпкі жағынан бір тапанша мен аңшы пышағы, екі ұялы телефон шыға келді. Куәгерлердің көзінше әр айғақты қаттап, қалтаға салған сақшылар кішкентай қара барсеткадан дудырап доллар шыққанда қылмыстық топтың құпиясын ашқандарына күмәндары қалмаған.

* * *

– Кел, төрлет, Қайсенов! Жоғарыла, подполковник! Сенің жаңа шеніңе байланысты құжаттарды министрлікке жіберіп қойдым, – деген генерал Абылайды үлкен құрметпен қарсы алды.

– Құрметіңізге рақмет, жолдас генерал!

– Жә, төрт қылмыскерді де ұстапсың. Қашуларына мүмкіндік бермей, бір күнде бәрін қақпанға түсіргенің жақсы болған екен. Сонда бұлардың басшысы кім? Ақпаратты қайдан алған?

– Басшысы – туберкулезбен ауыратын Болат Мелсұлы. Ақыры өмірім аз қалды деген ол отбасының жағдайын жасап кетпек болған ғой.

– Кох таяқшасы өкпесінде ғана емес, миында да болған ғой зәлімнің.

– Иә, шетелдіктерді күзететін адам таңдағанда көбінесе Спорт мектептеріне жүгінетіні белгілі ғой. Жұмыстан кейін жаттығу алаңына келетін жігіттер үнемі көргендерін айтып, естігендерін бөліседі. Осыны әрі-бері өтіп тыңдаған Мелсұлы жаттығуға келіп жүрген сенімді үш жігітке айтады. Қаржыдан қысылған жігіттер басында қорқақтағанмен, артынан келісімін береді.

– Еее, онда түсінікті. Жеңіл табыс, оңай ақша «менмін» деген талай жігіттің түбіне жетті ғой, – деп күрсінген генерал Абылайдың қарауындағы барлық жедел уәкілге сыйақы беретінін айтып, қолын қысып шығарып салды.

* * *

Жігіттерге жағымды жаңалықты айтып, бір күн демалыс берген Абылай жол-жөнекей ауруханаға барып, ана мен баланың жағдайын білмек болды. Өзіне таныс есікке барса, басқармадағылар мұндағы күзетті алып үлгерген екен. Есіктің саңылауынан көз салған Абылайды бірінші дәрігер байқап қалды.

– Келіңіз, бері жақындаңыз! Ли ханым бүгін көзін ашты.

– Жақсы болған екен! Тезірек сауығып кетіңіз! – деді Абылай әйелге шынайы қуанғанын білдіріп.

Мұны көре салып орнынан ұшып тұрған кішкентай Чанди құлдыраңдап келіп топмақ қолдарымен қапсыра құшақтай алды... Мейірім мен жүректің жылуына тілмаштың керегі жоқ-ау...

Ирина БАЗАРҒАЛИЕВА

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:
Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы Нұрбол Әлдібаев
облысы 8 701 357 66 84.
Ақтөбе Жансая Есмағанбетова
облысы 8 705 398 62 83.
Атырау Боранбай Ғалиев
облысы 8 775 543 03 80.
Маңғыстау Жазира Әбіл
облысы 8 702 514 54 44.
Қызылорда Гүлбану Мақажан
облысы 8 701 697 39 86.
Түркістан Сейітхан Құлмаханбетов
облысы 8 707 721 19 59.
Шадияр Мекенбайұлы
87757335665
Батыс Нұрлыбек
Қазақстан Рахманов
облысы 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5071 дана
Апталық таралым 10 142 дана

Тапсырыс №105 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31